

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ ҚАЙТСЕ ӨРКЕНДЕЙДІ?

6-7-БЕТТЕР | ҰЛТ ҰПАЙЫ



АҚЫЛ АЙТҚАНҒА БАС ШҰЛҒИ БЕРЕМІЗ БЕ?

9-БЕТ | ҚОҒАМ



№23
(4921)
Бейсенбі
26 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІ КӨБЕЙЕДІ

Бас қаланы дамыту барысында әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше маңыз беріледі. Яғни тұрғындар санының жыл сайын қарқынды өсуіне байланысты денсаулық сақтау және білім беру мекемелері көбеймек. Алдағы 4 жылда Астанада 11 жаңа медицина нысанының құрылысы жүргізіледі.

15 НАУРЫЗ МАРТА Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды! Важен голос каждого из нас!
РЕФЕРЕНДУМ
www.election.gov.kz

ҚОЛДАУШЫЛАР ҚАТАРЫ КӨП

Қоғамдық саясат институты жүргізген сауалнама Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы жөнінде халықтың хабардар болу деңгейі жоғары екенін көрсетті.

«Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасы туралы естідіңіз бе?» деген сауалнама сұрағына респонденттердің 87,5 пайызы құжатпен белгілі бір деңгейде таныс екенін білдірген: олардың 34,2 пайызы мазмұнын жақсы білетінін айтса, тағы 53,3 пайызы жоба туралы естігенін, бірақ егжей-тегжей таныс емес екенін жеткізген. Сонымен қатар сауалнамаға қатысқандардың 12,5 пайызы бұл туралы ештеңе естімегенін мәлімдеген. Ал «Бұқаралық ақпарат құралдарында жаңа Конституция жобасы жарияланды. Сіз осы жобаны қолдайсыз ба?» деген сауалнамаға қатысқандардың 86,5 пайызы жарияланған жобаны қолдайтынын айтқан.

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелері туралы ақпаратты бірнеше жолмен біле алады.

Елорда тұрғындары өздерінің референдум учаскесі туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде мынандай дереккөз арқылы ала алады:

– ресми веб-сервис арқылы: referendum.astana.kz

– Telegram мессенджеріндегі чат-бот арқылы: t.me/referendum_astana_bot

– iKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 109 нөмірі бойынша

28 АҚПАН
01 НАУРЫЗ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында өтеді.



АСТАНАДА АІ-ЖҮЙЕ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары шағын әлеуметтік нысандардан ірі инфрақұрылым жобаларына ауысып келеді. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстандық МЖӘ орталығының басқарма төрағасы Аслан Қалиғазин мәлім етті.

Брифинг барысында орталық басшысы 2025 жылы Астана қаласында іске асатын екі ірі жобаны ерекше атады. Біріншісі – «Астана-Технополис» арнайы экономика аймағында құны 126,5 млрд теңге болатын №2 индустрия паркі. Екіншісі – құны 90 млрд теңге болатын жасанды интеллект негізіндегі қалалық инфрақұрылымды басқару жүйесі.

«Бұл жүйе қолданыстағы «Сергек» жүйесінің орнын басады. Жоба шеңберінде үлкен деректер ағынын талдауға арналған жаңа құралдарды енгізу көзделіп отыр, бұл уақытылы әрекет етуге, ықтимал оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді» деді А.Қалиғазин.



«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» КӨМЕКТЕСЕДІ

Елордада ұйымдастырылып жатқан «Халық бухгалтері» акциясы аясында қала тұрғындары салық және бухгалтерлік есепке қатысты сұрақтарға жан-жақты жауап ала алады.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, акция жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне салық және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тегін кеңес беруге бағытталған. Бүгінге дейін мемлекеттік кірістер органдарының мамандары мен кәсіби бухгалтерлер 3 мыңнан астам астаналыққа консультация берді. Қаңтар-ақпан айларында кеңестер аптасына үш рет өтсе, наурыз айынан бастап аптасына екі рет ұйымдастырылады. Кеңес беру орындарының мекенжайы ведомствоның Instagram желісіндегі ресми парақшасында жарияланған: @astana_mkd_dgd_astana. Акция 2026 жылдың 30 маусымына дейін жалғасады.

№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі

AQORDA



ХАЛҚЫМЫЗ МИХАИЛДЫ МАҚТАН ТҰТАДЫ

Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты.

«Отандасымыз Михаил Шайдоров тамаша өнер көрсетті. Мәнерлеп сырғанаудан алтын медальға ие болып, көк Туымызды Олимп шыңына көтерді. Сондықтан Михаилға алғысымды білдіріп, құтты болсын дегім келеді. Ақордада жиналып отырған адамдарға, ең алдымен, Михаилдың әкесі мен жеңімпаздың бапкеріне ризашылығымды айтамын. Баршаңызды тағы да шын жүректен құттықтаймын! Сіздер қажырлы және табанды еңбектің арқасында Михаилды мықты спортшы, нағыз дарын иесі ретінде бүкіл әлемге паш еттіңіздер. Халқымыз Михаилды мақтан тұтады, ал жас буын одан үлгі алады. Олимпиада жеңімпазы болу – биік мақсат жолында кез келген қиындықты жеңу, яғни, ұзақ әрі күрделі жолға дайын болу деген сөз. Темірдей тәртіппен күн сайын тынымсыз жұмыс істеген адам ғана зор табысқа жетері анық» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін теңдесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды.

«Біріншіден, бұл – көптен күткен, яғни, 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жүлде. Екіншіден, бұл – мәнерлеп сырғанаудан ел қоржынына түскен алғашқы Олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде әйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Михаил Шайдоровтың Олимпиадада көрсеткен керемет өнері, сөзсіз, тарихи жетістік, нағыз триумф. Кортина д'Ампеццо мұз айдынында отандасымыздың жүлдызы жарқырады. Бұл – Олимпиада чемпионының өзін-өзі шыңдап, өз күшіне сенгенінің, мәнерлеп сырғанау сияқты аса қиын спорт түріне деген ерекше махаббатының жемісі» деді Президент.

Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегіне айрықша тоқталды.

«Станислав Александрович – мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі, тұңғыш бапкері ретінде Михаилдың мұз айдынындағы алғашқы қадамын жасауға көмектесіп, өмірдің ең қиын сәттерінде әрдайым ұлының жанында болған адам. Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының көк Туын әлемнің басты спорт аренасында биік желбіреткен осындай ұлды, отаншыл азаматты тәрбиелегеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Баспасөз бетіндегі сұхбатыңызды оқып шықтым. Михаилдан мейіріміңізді аямай, талантты перзентіңіздің спорттағы ерекше миссиясына титтей де күмән келтірмей, әкелік парызыңызды адал әрі лайықты атқардыңыз. Биік шыңға апарар бұралаң жолдан бірге өттіңіздер. Енді сол табан ақы, маңдай тердің жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөленіп жатсыздар. Бүгінде халқымыз Сіздерді ардақ тұтады. Отаншылдықтың нағыз үлгісін көрсеткендеріңіз үшін еліміз Сіздерге ризашылығын білдіреді. Жұртшылықтың алғаусыз алғысы мен құрметіне мен де қосыламын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент чемпионның бапкері, әйгілі спортшы, 1994 жылғы Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы Алексей Урмановқа ыстық ықыласын білдірді.

«Мәнерлеп сырғанау спортындағы білікті маман ретінде ерен жетістіктеріңізді жалғайтын лайықты ізбасар дайындадыңыз. Сол үшін Сізге зор алғыс айтамын. Осынау тамаша табысқа салалық министрлік, федерация, сондай-ақ атақты боксшымыз, жақында есімі Дүниежүзілік бокс даңқы залына жазылған Геннадий Головкин басқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті елеулі үлес қосты. Отандастарымыз спорттық бәсекенің қиындықтарын, әсіресе, еркін бағдарламадан кейінгі Михаилдың күрделі жағдайын тебіреніспен бақылап отырды. Бірақ ол тәуекелге барып, жер-жаһанның басты байрақты бәсекесіндегі жеңісті жұлып алды. Бұл да кездейсоқ емес. Өзіне берілген жалғыз мүмкіндікті екінің бірі сәтті пайдалана алмайды. Әдетте жарысқа түскенде «бақ шаба ма, бап шаба ма» деп жатады. Бірақ «еңбек – бәрін де жеңбек» деген ұлағатты да ұмытпайық. Михаилдың жеңісі мыңдаған жастарымызды спортпен шұғылдануға жігерлендірді. Еңбек етсең, ерік-жігерің мұқалмай, батыл әрекет қылсаң, кез келген, тіпті қол жетпестей көрінетін арманның өзі орындалатынына сенімін күшейтті. Бүгінде еліміздегі мыңдаған ұл-қыз Михаил Шайдоровқа қызыға қарап, еліктейді, даңқты спортшы болғысы келеді. Демек еліміздің ұландары әлемдік спорттың биігінде жарқырай көрінетін күн алда. Барша Олимпиада чемпиондарының аты әлем спортының жылнамасына жазылады, олардың жетістіктері Лозаннадағы Халықаралық Олимпиада комитетінің музейінде тіркеледі. Енді түрлі елдің туристері Михаил Шайдоровтың 2026 жылғы Олимпиададағы тамаша жеңісі туралы білетін болады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын айтты. Бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

«Олимпиададағы нәтиже әрқашан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбекқор жан өзінің қабілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта көздеген биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік – үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де діңгегі. Ұлттың жасампаздық қуатын арттыру республикалық референдумға шығарылған жаңа халықтық Конституция жобасының негізгі мазмұндық өзегі болып отыр. Ата Заңдағы әділдік, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау, отаншылдық қағидаттары мемлекет іргесін бекемдеп, өркендеудің қозғаушы күшіне айналады» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекеттердің дамуы да үлкен спортқа ұқсас: кім алдына биік мақсат қояды, табанды еңбек етеді, бірлесіп жұмыс істейді, сол жетістікке жетеді.

«Біз жеңіске жетуге бар күш-жігерін жұмсап, жеке рекордтарын жаңартқан Михаил мен ұлттық құрама мүшелерін құттықтаймыз. Кейбір спортшыларымыз осындай ауқымдағы жарысқа алғаш рет қатысса да, олар лайықты өнер көрсетті. Көптеген спортшымыз өздері сынға түскен сайыста үздік ондыққа енді. Бұл болашақтағы табыстарға жол ашады. Азаматтарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері, мейлі, ол спортта немесе оқушылар мен студенттер олимпиадасында, өнерде, тіпті басқа салаларда болсын, еліміздің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Таяуда Милан мен Кортинада Қысқы Паралимпиада ойындары басталады. Спортшыларымызға сәттілік тілеймін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды.

«Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар бірлесе жұмыс атқарып, құрама мүшелерін жан-жақты қолдауға тиіс. 2029 жылы Алматы қаласында өтетін Қысқы Азия ойындарына ерекше назар аудару қажет. Ойындар ең жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек. Бұл – Қазақстандағы спорттың дамуына тың серпін беріп, экономика мен туризм салаларына оң ықпал ететін өте маңызды іс-шара» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урмановты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.


Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Бұл кездесуге Олимпиада чемпионы ретінде қатысу – мен үшін зор мәртебе. Алтын медаль – менің ғана емес, атаанамның, бапкерлерімнің және мен үшін алаңдап, қолдау көрсеткен барша қазақстандықтың жеңісі. Бұл аянбай тер төгіп жұмыс істесең, жақын жандардың махаббаты мен сенімі болса, армандардың орындалатынын көрсетеді. Президент мырза, Сіздің қолдауыңыздың арқасында спортшылар үлкен жетістіктерге, жаңа тарихи рекордтарға қол жеткізіп жүр. Мен Олимпиада алтынымен шектелмеймін. Алдымда ұзақ жол бар. Елімнің сенімін ақтап, жас ұрпаққа үлгі болып, халқымыздың мерейін үстем еткім келеді. Рахмет Сізге! Сүйікті Отаныма, Қазақстаныма қызмет етемін» деді Михаил Шайдоров.

ҮКІМЕТ

ЕГІС НАУҚАНЫНА 1 ТРЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы қойған міндеттер ескеріле отырып, көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Отырыста Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, сондай-ақ астық егетін негізгі облыстардың басшылары баяндама жасады.



Премьер-министр биылғы 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент берген тапсырмалар аясында аграрлық маусымды сапалы өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар қамтамасыз етілгенін атап өтті.

«Егін егу және күзгі жиынтерім жұмыстарын қаржыландыру көлемін былтырғыдай 1 трлн теңге деңгейінде қалдырдық. Оның ішінде техниканы лизингке алуға 300 млрд теңге қаралған. Мемлекет басшысы қолдауының арқасында үшінші жыл қатарынан қомақты қаражат бөлінуде. Фермерлер үшін жеңілдетілген бағамен 402 мың тонна жанармай бөлу көзделіп отыр» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынының шекті жеңілдікті бағасын уақытылы бекіту қажеттігі атап өтілді. Ведомствоға сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыс әкімдіктерімен бірлесіп, арзандатылған отынның тиісті көлемде жеткізілуін қатаң бақылауға алу тапсырылды. Әкімдіктер бір апта ішінде өңірлік операторлар туралы толық және өзекті мәліметтерді ұсынуы қажет. Бөлінген жанар-жағармайдың талан-таражға түсуіне жол берген тұлғаларға қатысты құқық қорғау органдары барынша қатаң шаралар қабылдауы керек.

Мемлекетік қолдаудың тиімділігіне ерекше назар аударылды, қолдау жауапкершілігі жоғары әрі жұмысына адал диқандарға ғана көрсетілуге тиіс.

Егіс алқаптарын әртараптандыру жұмысын биыл да жалғастыру қажет. Көбірек табыс әкелетін, әсіресе экспортқа шығатын және нарықта жоғары сұранысқа ие дақылдардың егіс алқаптарын кеңейтуге ерекше назар аудару керек. Егін егу кезінде агротехнология талаптарын қатаң сақтап, тыңайтқыштарды уақытылы себу және өсімдіктерді зиянкестерден қорғау құралдарын қолдану қажет – бұл шаралар болашақ егіннің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторлары болмақ. Биыл тыңайтқыштарды себу жоспары ғылыми негізі бар норманың 73%-ынан астамын немесе 2,3 млн тоннаны құрайды. Ауыл шаруашылығы және Өнеркәсіп министрліктері егіншілерді қажетті көлемде сапалы әрі қолжетімді тыңайтқыштармен қамтамасыз етуі қажет. Бұл ретте өзіміздің отандық өндірістің тыңайтқыштарына басымдық берілуге тиіс.

Өзекті мәселенің бірі – ауыл шаруашылығы техникасының әзірлігі. Ол бүгінге шамамен 80%-ды құрайды. Жаппай егіс жұмыстары басталғанша бұл көрсеткішті 100%-ға дейін жеткізу тапсырылды. Әкімдіктер цифрлық технологияларды барынша пайдалана отырып, бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына тұрақты бақылауды қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ озық ғылыми тәсілдерді қолдана отырып, шаруалардың құрғақшылыққа төзімді технологияларға көшуі бойынша жергілікті жерлерде түсіндіру жұмыстарын жалғастыруы қажет.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ ҚАРАЛДЫ

Елорда әкімдігінің мәжіліс залында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиынды Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлфухар Ғайыпов жүргізді.

Шапағат ӘБДІР

Отырыста әлеуметтік және спорт нысандарын аралау қорытындысы, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жобаларының тиімділігі қаралды. Білім, мәдениет және өзге де салалық басқармалардың басшылары баяндама жасап, 2017-2018 жылдардан бері елордада МЖӘ аясында жүзеге асып жатқан жобалар туралы ақпарат берді.

Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева 2026 жылға арналған бюджет туралы жобаға енгізілетін өзгерістер туралы баяндады. Оның айтуынша, салық және өзге де жеке кірістер жоспарын 79,4 млрд теңгеге ұлғайту ұсынылды. Оның ішінде салық түсімдерінің өсімі 72,6 млрд теңгені құрайды. Айжан Түгелбаеваның мәліметінше, қаңтар-ақпан айларында салық түсімінің жиналу деңгейі орта есеппен 114,7 пайыз болған. Негізгі жалақы қорына қатысты салықтар бойынша өсім жоғары: жеке табыс салығы – 122,3 пайыз, әлеуметтік салық – 120 пайыз.

Бұдан бөлек, күн тәртібінде 2026-2028 жылдарға арналған қала бюджетін нақтылау, құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес МЖӘ жобаларын әлеуметтік маңызы бар салаларда жалғастыру, ұзақмерзімді бюджет жүктемесін ескеру, мемлекеттік міндеттемелердің орындалуын тұрақты бақылау, келісімшарттардың сапасы мен мерзіміне бақылауды күшейту және жобалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін жүйелі бағалау жөнінде ұсыныстар енгізді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері елордадағы бірқатар білім беру ұйымдары мен спорт нысандарын аралады. Жұмыс сапары барысында мекемелердің материалдық-техникалық базасы, қаржыландыру мәселелері және инфрақұрылым жағдайы қаралды.



Индира БЕРЖАНОВА

Қоғамдық кеңес мүшелері аралау кезінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының жүзеге асырылу тиімділігі мәселесі туралы талқылады. Ең әуелі олар Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжіне барып, оқу үдерісін ұйымдастыру және қаржыландыру тетіктерімен танысты. Қазіргі норматив бойынша бір студентті даярлауға шамамен 400 мың теңге бөлінеді. Соңғы 6 жылда оқу орнын дамытуға бағытталған инвестиция көлемі 1 миллиард теңгеден асқан. 2024 жылы Жоғары педагогикалық колледжі лицензиясын алған оқу орны бұрын Гуманитарлық колледж деп аталған еді. Ал 2019 жылы колледж Астана халықаралық университетінің қарамағына сенімгерлік басқаруға берілді.

– Бүгінде колледж базасында 1100 студент оқиды, оның 984-і мемлекеттік қаржыландыру негізінде білім алады. Біздің колледжбен бірге, Астана қаласы бойынша жалпы 5 колледж педагог мамандарын даярлайды, – деді өз сөзінде колледж директоры Ардақ Әділжанов.

Талқылау барысында кадр тапшылығы мен жан басындағы қаржыландыру көлемінің аздығы мәселесі де сөз болды.

Одан кейін Бейбітшілік көшесінде орналасқан, колледж студенттеріне арналған 938 орындық заманауи жатақхана нысаны таныстырылды. Құрылыс жұмыстары толық аяқталған, қазіргі таңда іске қосуға дайындық жүргізілуде. Жоспар бойынша жатақхана наурыз айында ресми түрде пайдалануға беріледі.

Ғимаратта студенттердің қауіпсіздігіне айрықша мән берілген. Тоғыз қабатты нысанда барлығы 180 бейнебақылау камерасы орнатылған. Әр қабатта екі ас үй мен кір жуатын бөлме бар.

Бұдан әрі мәслихат депутаттары мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындарына арналған «Тарлан» мұз аренасында, паралимпиадалық жаттығу орталығында болды.

– Халықаралық деңгейдегі мамандандырылған паралимпиадалық жаттығу орталығында бүгінгі таңда спорттың 23 түрі дамыған, ол 7 мыңнан астам адамды қамтып отыр. Ерекше физикалық қажеттіліктері бар адамдар ақысыз негізде жаттығады. Мұнда 3 негізгі зал бар – жаттығу, ойын және жекпе-жек залы, – деді «Паралимпиадалық дайындық орталығы» қорының атқарушы директоры Абдусаид Назаров.

Орталыққа келушілер үстел теннисі, пара дзюдо, пара каратэ, пара таэквондо, йога, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, бочча, голбол, пара бадминтон, отырып ойнау волейболы, дартс, пара пауэрлифтинг, пара черлидинг, пара грэпплинг және пара армрестлинг сияқты спорт түрлері бойынша жаттығады. Ал «Тарлан» мұз аренасында, негізінен, хоккей мен мәнерлеп сырғанаудан кәсіби, жартылай кәсіби және әуесқой пайдаланушылар үшін жаттығулар өтеді. Мұнда кешеннің ерекшелігімен қатар, жаттығуға қажетті құрал-жабдықтарды уақытылы жаңарту маңызды екені де айтылды. Мониторинг тобы айтылған барлық ұсыныс пен ескертпені назарға алып, оларды Қоғамдық кеңестің отырысында талқылап, мәслихатқа жолдау туралы шешім қабылданатынын айтты.

ШАҢҒЫ БАЗАСЫ КҮНДЕ АШЫҚ

Орталық саябақта ашылған жаңа шаңғы базасында спорттың биатлон түрі мен шаңғы тебуден алғашқы жаттығу сабақтары ұйымдастырылды.

Жаттығу барысын Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит арнайы барып көрді. Ол спортшылардың дайындық жағдайын бағалап, жаттықтырушылармен алдағы жұмыстың ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

«Базада алғашқы биатлон және шаңғы тебуден жаттығулар өтті. Жеке жаттығу процесімен танысып, бапкерлермен де, жас спортшылармен де сөйлестім. Мұнда спорттық бағдарлаумен айналысатын жас спортшылар да жаттығады. Шаңғы базасы толық жұмысқа дайын және штаттық режимде қызмет көрсетпек. Оқу-жаттығу процесін өткізу және әртүрлі деңгейдегі спортшыларды даярлау үшін барлық қажетті жағдай жасалған» деді В.Левит.

Базаның инфрақұрылымына күштік қондырғылармен және мамандандырылған жабдықтармен, соның ішінде «Ercolina» тренажерімен жабдықталған кең жаттығу залы кіреді. Инновациялық жабдыққа ерекше назар аударылады: жыл бойы техниканы шынықтыруға және конькимен сырғанау техникасын имитациялауға, жылдамдық пен көлбеу бұрышты меңгеруге мүмкіндік беретін, төзімділікті арттыратын «Skate Treadmill RL3500E» кәсіби тренажері орнатылған. Айта кетейік, шаңғы базасы күн сайын сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

ВАКЦИНАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен вакцина арқылы алдын алатын ауруларға қатысты дөңгелек үстел отырысы өтті.



«Біз вакцинациялау арқылы болашақ ұрпақты қорғай аламыз» тақырыбындағы басқосу 2026-2028 жылдарға арналған вакцина арқылы алдын алатын ауруларға қарсы күрес жөніндегі қалалық жоспар аясында өтті.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан бұл мәселенің қоғам үшін аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, 2024 жылдан бастап Қазақстанда қыздарды адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялау бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар қазіргі уақытта қалада және жалпы ел бойынша балалар арасында қызылша ауруының өсуі байқалып отыр.

«Балалардың денсаулығы – бәршамызға ортақ жауапкершілік. Сондықтан вакцинация мәселесінде ғылыми деректерге сүйенген ашық әрі сенімді диалог қажет. Біздің мақсатымыз – тек пікір алмасу емес, қоғамда аурулардың алдын алу шараларына деген сенімді нығайтып, бірлескен шешімдер қабылдау» деді ол.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар елордадағы жатыр мойны обырының таралу көрсеткішін, қызылша бойынша эпидемиологиялық ахуалды талқылады. Сондай-ақ АПВ-ға (адам папилломасы вирусы) қарсы иммундауды енгізудің халықаралық және өңірлік тәжірибесіне шолу жасалып, вакцинацияны ілгерілету жолдары қарастырылды.

Сарапшылардың айтуынша, вакцина арқылы аурулардың алдын алу – болашақ ұрпақтың денсаулығына салынған стратегиялық инвестиция. Балаларды қызылшаға қарсы, ал қыздарды АПВ-ға қарсы вакцинациялау, скрининг жүргізу және обыр алды өзгерістерді уақытылы емдеу жатыр мойны обырын қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі ретінде жоюға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында АПВ-ға қарсы вакцинацияны енгізудегі ықтимал кедергілер, соның ішінде әлеуметтік-мәдени және гендерлік факторлар, сондай-ақ жатыр мойны обыры туралы мифтер мен қате түсініктер сөз болды. Қатысушылар халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту және әлеуметтік жұмылдыру тетіктерін кеңейту қажеттігін атап өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

САҚТАНУ ЖОЛЫ – ЕКПЕ АЛУ

Жыл басынан бері бас қалада қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай күрделене түсті. 2026 жылдың 19 ақпанына дейін 1470 бастапқы жағдай тіркеліп, оның 997-сі зертханалық жолмен расталған. Сырқат көрсеткіші өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Мамандардың мәліметінше, сырқатынан сауыққандардың 83 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар. Ең осал топ – 1-4 жас аралығындағы балалар. Сонымен қатар сырқаттанғандардың басым бөлігі – екпе алмағандар, яғни тіркелген жағдайлардың 84 пайызы вакцинациядан өтпеген балаларға тиесілі. Оның ішінде ата-анасының бас тартуына байланысты егілмегендер де бар.

Денсаулық сақтау мамандары қызылшаның өте жұқпалы әрі асқынуға әкелуі мүмкін қауіпті инфекция екенін үнемі ескертіп келеді. Ауру пневмонияға, ми қабынуына және басқа да ауыр салдарға соқтыруы мүмкін. Қызылшадан қорғанудың ең тиімді әрі ғылыми дәлелденген жолы – вакцинация.

Қазіргі таңда қалада екпе алмаған балаларды қосымша иммундау жалғасуда. Инфекция жұқтырғандармен байланыста болған азаматтарға 72 сағат ішінде шұғыл вакцинация жүргізілуде. Мамандар ата-аналарды әлеуметтік желілердегі расталмаған ақпарат пен қауесетке сенбеуге шақырады. Вакцинация туралы шешім қабылдағанда ғылыми деректерге және медицина қызметкерлерінің кәсіби кеңесіне сүйену аса маңызды.



№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі

РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Астана қаласы аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабеков конституциялық реформалар бойынша бүгінге дейін елордада қандай іс-шаралар өтіп жатқаны, жалпы референдумға дайындық барысы туралы баяндады.



Райхан РАХМЕТОВА

Арнайы брифингте ол алдағы референдумға байланысты Қазақстан бойынша, соның ішінде Астана қаласында үлкен дайындық жүріп жатқанын жеткізді.

– Елордада бүгінде 517 сайлау учаскесі бар. Оның ішінде 7 учаске қалалық, аудандық комиссия референдумдары үшін, сондықтан нақты сайлау учаскелерінің саны – 510. Бұл учаскелердің 395-і – ашық жүйеде, 35-і – жабық жүйеде жұмыс істейтін учаскелер, яғни жабық денсаулық сақтау мекемелері, әскери бөлімдер, тергеу изоляторы және т. б. сондай мекемелердегі азаматтардың дауыс беруіне арналған. Сонымен қатар 80 учаске шетелде, яғни Қазақстанның өзге елдердегі, нақтырақ айтқанда, 62 елдегі елшіліктерінде ашылады. Жалпы 510 сайлау учаскесі бойынша комиссия құрамында 4189 адам саяси науқанды өткізу жұмысын атқарады. Олардың бәрі қазіргі таңда референдумды өткізу тәртібі, ережелері бойынша оқытылуда. Заңға сәйкес, бұл комиссия мүшелері сол білімін пысықтап, тест тапсырып, сосын барып жұмысқа кіріседі. Себебі референдумның барлық стандартқа сай дұрыс өтуі осы азаматтардың білімі мен тәжірибесіне байланысты. Сондықтан талап қатты, олар қоғамның әр саласынан іріктелуде, – деді комиссия төрағасы.

Мәслихатта да комиссия бар, сол комиссияда талапқа сай азаматтарды өткізіп, өздерінің шешімін шығарып, оны қалалық сайлау комиссиясына ұсынады. Сондықтан сайлау комиссиясының құрамы үлкен тексеруден өтеді.

Спикердің айтуынша, Астанада 1010549 адам дауыс беруге тіркеліп отыр. Алайда референдум өткізу талаптары бойынша қосымша 1 пайыз бюллетень қосылады. Қалада, жалпы еш жерде тіркеуде жоқ азаматтардың да дауыс беруге құқығы бар. Соларға қаладағы 6 ауданда бес-бестен уақытша шағын ХҚКО ашылып, сондай азаматтар бір күндік тіркеуге алынып, дауыс бере алады. Бірақ олардың саны нақты белгісіз. Себебі Астана қарқынды дамып жатқан қала болғандықтан, келімді-кетімді адам өте көп.

– Астана – жастар қаласы. Бүгінде елордада 19 ЖОО, 30-дан астам колледж бар. Солардың бәрін қосқанда 18 жастан жоғары дауыс беретін азаматтардың саны 100 мыңға жетеді. Соларды қамту бойынша да жұмыс жүргізілуде. Дайындық 4 наурызға дейін созылады, одан әрі шақыру билетін елдің әрбір азаматына үй-үйді аралап жеткізу жұмысы жүргізіледі, – деді Б.Қуанышұлы.

Комиссия мүшелері референдумға дейінгі он күнде сол жұмыстармен айналысады.

Спикер қалада қанша сайлау учаскесі бар, олар қайда орналасқан, тізімі туралы ақпараттарды Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурстары, «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астана» газеттерінің сайтынан қарап алуға болатынын жеткізді. Заң бойынша соттың шешімі бар азаматтар дауыс бере алмайды. Мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуына халықаралық ұйымдар үлкен баға береді, сондықтан қалада 29 мыңнан астам сондай азаматтардың ішінде дауыс беруге құқылы 6 мыңнан астам адам үшін барлық жағдай жасалған, арнайы кабиналары, құралдары – бәрі қарастырылған. Үйде дауыс беретіндер үшін де сайлау комиссиясы мүшелері оларға бара алады.

МӘДЕНИЕТ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының мүшелері, еліміздің жетекші қоғамдық-саяси бірлестіктерінің өкілдері «OzgeEpic» креативті хаб орталығында болып, қаланың мәдениет және креативті индустрия басқармасы ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерімен кездесті.

Оның барысында алдағы конституциялық реформалардың мән-маңызы жан-жақты түсіндірілді. Әңгіме кәсіпкерлікті дамыту, зияткерлік меншікті қорғау, адами капиталды нығайту және азаматтардың қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндігін кеңейту төңірегінде өрбіді.

– Бүгінгі Астана – тек әкімшілік орталық емес, ой мен бастаманың, ізденіс пен еңбектің тоғысқан мекені. Қазіргі таңда елордада 9126 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Қаладағы креативті экономика саласында 24700 адам еңбек етеді. Бұл – IT мамандары, дизайнерлер, сәулетшілер, медиа және цифрлық технология өкілдері, – деп Жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық штабының төрағасы Ерлан Каналимов жаңа Конституция жобасында осы бағыттарда қарастырылған жаңашылдықтарды баяндады.

Спикерлердің сөзін тыңдаған мәдениет қайраткерлері ой-пікірімен бөлісті.

– Мәдениет саласында жұмыс істейтін адам ретінде біз үшін шығармашылықпен шектеусіз, еркін айналысуға мүмкіндік беретін тармақтар аталды, бұл Конституция шеңберінде авторлық құқықпен қорғалған. Бұл мен үшін және менің әріптестерім үшін өте маңызды, – деді Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының орынбасары Бекболат Арыстанбеков.

Елордалық суретші Ақмарал Бақытова да ойын айтты.

– Суретші ретінде мен үшін Конституция жобасында қарастырылған зияткерлік меншікті қорғау тақырыбы өте маңызды. Біздің жұмысымыз қорғалады және бұл сенім тудырады. Менің ойымша, Конституцияда азаматтарымыздың игілігіне бағытталған көптеген маңызды тармақ бар. Суретші ретінде мен ең алдымен соларды байқадым, – деді ол.

Пікір алмасу мазмұнды әрі байыпты өтті. Креативті орта ел дамуына бейжай қарамайтынын, жаңа кезеңде жауапкершілікпен атсалысуға дайын екенін айқын көрсетті.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, Астана қалалық мәслихатының депутаттары Жалпыұлттық коалиция аясында Ұлттық ғылыми медицина орталығы ұжымымен Конституция жобасының негізгі ережелерін талқылау және түсіндіру мақсатында кездесу өткізді.

АШЫҚ ФОРМАТТА ЖАҢҒЫРДЫ



Сенатор конституциялық реформаның ашық форматта жүргізілгеніне ерекше тоқталды.

«Қазақстан тарихында алғаш рет Ата Заңды жаңарту үдерісі толықтай ашық форматта өтті. Конституциялық комиссия отырыстары тікелей эфирде көрсетілді, ал Конституцияның аралық мәтіні қоғамдық талқылауға ұсынылды. Электрондық порталдар арқылы шамамен 10 мыңға жуық ұсыныс пен пікір келіп түсті. Бұл жаңа Конституция жобасына шынайы ұлттық сипат беріп, қоғам сенімін нығайтты» деді сенатор.

Сондай-ақ депутат жаңа Конституция жобасында денсаулық сақтау жүйесінің орнықты дамуына арналған берік құқықтық негіз қарастырылғанын, мемлекеттік және жеке медицина арасындағы теңгерімді сақтау басты қағидат ретінде белгіленгенін айтты.

Кездесу барысында медицина қызметкерлері арасында кең қоғамдық пікірталас тудырған, әрбір сала маманына тікелей әсер ететін Конституция жобасының 32-бабына ерекше назар аударылды.

Сенатордың айтуынша, мемлекет өз әлеуметтік міндеттемелерінен бас тартпайды, керісінше, қолжетімді әрі сапалы медициналық көмек көрсету жауапкершілігін күшейтеді. Аталған бап мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау салаларының үйлесімді дамуын көздейді. Бұл денсаулық сақтау саласындағы жеке бастамаларды қолдап, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін дамытуға, медицина туризмін қоса алғанда, тұрақты кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасауға жол ашады.

Іс-шара соңында сенатор медицина саласы қызметкерлеріне халыққа адал қызметі және қоғамдық диалогқа белсенді қатысқаны үшін ризашылығын білдірді.

«Күшті денсаулық сақтау жүйесінсіз Әділ Қазақстанды да, елдің тұрақты болашағын да елестету мүмкін емес» деді Б.Жексенбай.

15 НАУРЫЗ МАРТА
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!
РЕФЕРЕНДУМ
www.election.gov.kz

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАЙДЫ

Жаңа Конституцияның ережелерін түсіндіру бағыты бойынша Kazpan зауыты базасының қызметкерлерімен кездесу өтті. Оған Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Оразалина, Астана қаласы бойынша іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Жанаргүл Құлмағамбетова, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Өмірзаққызы қатысты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Зауыт қызметкерлеріне жаңа Конституцияның ережелері мен ерекшеліктері түсіндірілді.

– Өздеріңізге белгілі, алдағы уақытта тарихи сәт болғалы тұр. Ең басты әрі өзгермейтін құндылықтың бірі – адамдардың қадір-қасиеті, бостандығы және қауіпсіздігі. Адам өмірі жаңа жобада ерекше маңызды. Соның ішінде әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға жол ашып отыр. Бұл, сайып келгенде, Қазақстанның дамуына үлкен серпін береді, – деді Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Өмірзаққызы.

Заң жобасы ел дамуына оң серпін беріп, жаңа өзгерістер әкеледі.

– Жаңа заң жобасы – еліміздің әділетті, ашық және жауапты мемлекет құру жолындағы маңызды қадамы. Бұл құжат азаматтардың құқығын қорғауды күшейтіп, қоғам мен билік арасындағы сенімді арттыруға бағытталған. Әсіресе әйелдердің, кәсіпкерлердің және азаматтық қоғамның рөлін нығайтуға мүмкіндік береді деп сенемін, – деді Астана қаласы бойынша іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Жанаргүл Құлмағамбетова.

Ал Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Оразалина болашаққа батыл қадам басу керектігін айтады.

«Жаңа Конституция – еліміздің саяси жаңғыруының берік негізі. Бұл өзгерістер халықтың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, әділеттілік пен ашықтық қағидаттарын нығайтады. Қабылданған бастамалар өңірлердің дамуына оң әсерін тигізіп, ел болашағына сенімді қадам жасауға жол ашады» деді ол.

№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТҮСІНДІРДІ

Бас қаладағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас ғимаратында елдегі конституциялық реформаларды және алдағы референдум маңызын түсіндіру және талқылау мақсатында теміржолшылармен еркін форматта кездесу өтті.

Жаңа Конституция жобасын түсіндіруге «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық штабының төрағасы Ерлан Каналимов, Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева, Сенат депутаты Андрей Лукин және өзге де мемлекеттік органдар өкілдері келді. Жиынға «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, компанияның орталық аппараты мен филиалдарының өкілдері, сондай-ақ өңірдегі теміржол бөлімшелерінің басшылары да бейнеконференция арқылы маңызды іс-шараға тікелей эфирде қатысты.

– Теміржол – ұлттық экономиканың күретамыры. Елдің кең байтақ даласын жалғап, өңірлердің тынысын бір арнаға тоғыстырып тұрған бұл сала – мемлекеттің берік тірегінің бірі. Бүгінде ұлттық компания жүйелі даму үлгісін көрсетіп отыр. Теміржол саласы қашанда елді біріктіріп келген. Жаңа Конституция жобасында транзит әлеуетін дамыту ел экономикасын өркендетудегі жаңа бағыт ретінде бекітілді. Жаңа Конституция моделі адам мен оның құқығы және бостандығын, қадір-қасиетін басты орынға қояды. Сол үшін онда Қазақстан әлеуметтік ел деп көрсетілген. Елде тұрақты және жүйелі әлеуметтік саясат болмай, қоғамның басқа барлық саласының дамуы мүмкін емес. Осы қағидалардың бәрі жаңа құжатта жеке тармақпен жазылып отыр. Онда еңбек адамы экономиканың негізі ретінде белгіленген. Сонымен қатар технологиялық жаңғыру және адами капиталды дамытуға конституциялық деңгейде басымдық берілген. Біз қазір төртінші технологиялық революция дәуірінде өмір сүрудеміз. Ақпарат технологиялары көз ілеспес жылдамдықпен қарқынды дамуда. Технологиялық жаңғыру деген – сол жаңашылдықтарды адамдарға қолайлы ету, жұмысты жеделдету және оңайлату, – деп Е.Каналимов нағыз еңбек ұжымынан құралған алып компанияның жүк және жолаушылар тасымалын жүзеге асырудағы рөлі мен экономиканың күретамыры ретінде елдің дамуына қосып отырған үлесін жоғары бағалады және теміржолшылар әдеттегідей жоғары жауапкершілік пен белсенді азаматтық ұстаным танытатынына сенім білдірді.

Ал С.Имашева жаңа Конституция жобасындағы дау тудырған баптар мен тармақтарға тоқталды.

– 1995 жылғы Конституция мүлдем басқа тарихи, экономикалық және тіпті технологиялық жағдайда қабылданды. Енді одан әрі елдің дамуы үшін оны терең жаңғырту және мемлекетіміздің саяси архитектурасын жаңарту талап етілуде. Жаңа Конституция жобасында кіріспе преамбула толықтай жаңартылды. Онда халқымыздың өткенін бейнелейтін және бүгіні мен болашағына бағдар беретін жалпыұлттық құндылықтар көрініс тапқан. Мемлекеттік қызметтің жаңа іргелі қағидаттары бекітілді. Адами капиталды, ғылымды, білімді, инновацияны дамыту стратегиялық бағыт ретінде көрсетілді, – деді Мәжіліс депутаты.

Спикерлер Конституциядағы басқа да маңызды баптардың мән-мағынасын ашып түсіндірді. Теміржолшылар қауымы еліміздің жарқын болашағы үшін маңызды республикалық референдумға белсенді түрде атсалысып, дауыс беретінін жеткізді.

Райхан РАХМЕТОВА



СПОРТ ДИРЕКЦИЯСЫНДАҒЫ ТАЛҚЫЛАУ

Астана қаласы Спортты дамыту дирекциясында еліміздегі конституциялық реформаларды түсіндіруге бағытталған жиын өтті. «ҚР жаңа Конституциясы жобасы: құқық, міндеттер және спорт инфрақұрылымын дамыту» тақырыбында өткен ашық пікірталас жиынына «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының мүшелері қатысып, жаңа заң жобасындағы білім, спорт, медицина саласына қатысты жаңашылдықтар туралы баяндады.

Дирекцияның 50 шақты спорт жаттықтырушысымен кездесуге Астана қалалық мәслихатының депутаты Давид Лория, Республикалық жас кәсіпкерлер лигасының төрағасы, Жалпыұлттық коалицияның Есіл ауданы бойынша филиалының мүшесі Мерхат Жылқыбаев келді.

– Қоғам сенімі – ең маңызды саяси капитал. Оны сақтау мен нығайтудың жалғыз жолы – ашық рәсім, заң үстемдігі және нәтижеге бағытталған саясат. Алдағы референдум – жауапкершілікті қайта құрылымдау кезеңінің жалғасы. Бұл – мемлекеттің институционалдық беріктігін арттыруға бағытталған саналы таңдау, – деді М.Жылқыбаев.

Ал Давид Лория спорт саласының өкілі ретінде бұқаралық және кәсіби спортты жүйелі қолдау, спорт инфрақұрылымын нығайту, болашақ чемпиондарды тәрбиелеу үшін тұрақты жағдай жасаудың маңызына тоқталды.

– Бұл салада әлеуметтік кепілдіктерге, балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауға, спорт нысандарына тең қолжетімділікке және қаржыландырудың ашықтығына ерекше назар аударылады. Аталған мәселелер саланың ұзақмерзімді дамуына тікелей әсер етеді. Спортшылардың белсенді азаматтық ұстанымы, елдің беделін нығайтуға қосқан үлесі және өз ісіне адалдығы үшін шын жүректен алғыс айтамын. Күшті спорт – ареналардағы жеңістер ғана емес, бұл мықты және болашаққа сенімді мемлекеттің іргетасы, – деді мәслихат депутаты.

Оның айтуынша, жаңа Конституция басқару принциптерін анықтайды, азаматтардың құқығын бекітеді және билік әрекет етуі керек нақты ережелерді белгілейді.

– Бүгінгі таңда мұндай өзгерістер тек саясатқа ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік қолдау мен отбасын қорғаудан бастап қоғамдағы әділеттілік пен қауіпсіздікке дейінгі күнделікті өміріне де қатысты екенін әркімнің түсінуі маңызды. Елдің болашағы азаматтардың белсенді ұстанымы арқылы қалыптасады. Қоғамның қатысуы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым сенім, тәртіп және жауапкершілік артады. Осы ретте мұндай кездесулерде жаңа Конституция жобасын талқылауға азаматтардың белсенді атсалысуы қуантады, олар өздеріне қатысты өткір сұрақтар қойып, ұсыныс, пікірін еркін білдіруде, – деді депутат.

ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының белсенділері өңірлерде кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру шараларын қолға алды. Астана қаласынан бастау алған жұмыс Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкентте жалғасын тапты.

Белсенділер белгіленген орындарда үгіт-насихат плакаттарын ілумен қатар, ақпараттық-түсіндірме парақшаларын азаматтарға таратуда. Сондай-ақ халықтық штаб мүшелері мен белсенділер еліміз бойынша ақпараттандыру, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Жалпыұлттық коалиция штабының мүшесі, «Жастар рухы» төрағасының орынбасары Ержан Хамитов науқанға еліміздің барлық өңірінен жастар белсенді қатысып жатқанын атап өтті.

«Коалиция жұмысы басталысымен 3 республикалық маңызы бар қала мен 17 облыста құрылған штабтар жанындағы белсенділер жүйелі іске кірісті. Бүгінде жастар офлайн форматта ақпараттық материалдарды таратып, азаматтарға жаңа Конституцияның мазмұны мен 15 наурызда өтетін референдумның маңызын түсіндіруде. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы да кең аудиторияны қамтып, онлайн кеңістікте белсенді түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Негізгі мақсатымыз – қоғамға алдағы саяси науқанның мәні мен маңызын жан-жақты жеткізу» деді ол.

Штаб өкілдерінің мәліметінше, ақпараттық шаралар облыс және қала орталықтарымен қатар, аудан мен ауылдық елді мекендерді қамтып отыр. Алдағы уақытта «Есіктен – есікке» акциясы ұйымдастырылып, тұрғындармен жеке форматта жүздесу жоспарланған. Бұл бастама аясында азаматтардың сұрақтарына нақты жауап беріліп, қосымша түсіндірме материалдары ұсынылады.

Бұдан бөлек, халықтық штаб мүшелері республика көлемінде кездесулер ұйымдастырып, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен ұсынылып отырған өзгерістердің мәнін кеңінен түсіндіруде. Тұрғындармен ашық пікір алмасу форматында кездесулер өтіп, азаматтардың сауалдарына жауап беріліп, ұсыныстары ескерілуде.

Айта кету керек, жетекші қоғамдық-саяси күштер «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» атты жалпыұлттық коалиция аясында бірікті. Оның құрамына саяси партиялардың орталық және өңірлік құрылымдары, республикалық қоғамдық бірлестіктер, Парламент пен мәслихат депутаттары, ғылыми-сарапшылық қауым өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері, кәсіподақ ұйымдары, салалық қауымдастықтар мен жастар ұйымдары енген.

Қазіргі уақытта коалиция мүшелері аймақтардағы түсіндіру іс-шараларын жалғастыруда. Референдум қарсаңында еңбек ұжымдарымен, сарапшылармен және тұрғындармен кездесулер өткізу арқылы ашық диалог алаңдарын кеңейту көзделіп отыр. Негізгі басымдық – азаматтардың саналы әрі жауапты түрде шешім қабылдауына жағдай жасау.

БАЗАРДА БАС ҚОСТЫ

Елордалық базарда қызмет істейтін жастарға Конституция жобасы түсіндірілді. Референдумға байланысты басқосуға «Capital Partners Astana» ЖШС бас директоры, Amanat партиясының мүшесі Мекен Қарманов, Amanat партиясының мүшесі Жомарт Қиялов қатысты. Кездесуге базарда сатушы болып еңбек ететін жастар жиналды.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– 15 наурыз маңызды шешім қабылдайтын сәт болғандықтан, қала тұрғындарына түсіндіру жұмыстары жалғасып жатыр. Жастар – қоғамның қозғаушы күші әрі Қазақстандағы басты капитал – адам ресурсы. Сондықтан базарда қызмет істейтін жастарға жаңа жобаның маңызын айтып жеткіздік. Жаңа Конституцияны оқып, терең түсінген жастардың жолы жарқын болмақ, мүмкіндігі де мол, – деді «Capital Partners Astana» ЖШС бас директоры Мекен Қарманов.

Басқосуда Конституциядағы тілдің маңызы да кеңінен талқыланды. Өзгерістерге ерекше тоқталды.

– Жастар қай кезде де белсенді бола алады. Тек етене түсіндірілуі қажет болғандықтан, Ата Заң жобасының ерекшелігін, оның берер мүмкіндігі туралы айтып бердік. Алдағы өтетін референдумға белсене қатысуға шақырып отырмыз, – дейді Amanat партиясының мүшесі Жомарт Қиялов.

Қатысушылардың айтуынша, заңдағы өзгерістер құқықтық тұрғыдан мемлекет тұрақтылығын нығайтып, халыққа оң әсерін тигізеді.



№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі



ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ ҚАЙТСЕ ӨРКЕНДЕЙДІ?

Химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ғылым, білім және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреты, КСРО және ҚР еңбек сіңірген өнертапқышы, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Оксфорд университетінің Сократ номинациялау комитетінің шешімімен есімі әлемнің көрнекті ғалымдарының бүкілдүниежүзілік реестріне енген Абдуали БАЕШОВПЕН ғылыми-технологиялық төңкеріс, қазіргі отандық ғылымның жай-күйі мен дамуы, ғылым дамуының өлшемі мен нағыз ғалымның еңбегін әділ бағалау, Хирш индексі және Скопустың ғылымға тигізіп жатқан зияны туралы ашық сұхбаттастық.

ТАБИҒИ ИНТЕЛЛЕКТІСІЗ ДАМУ ЖОҚ

– Абдуали Баешұлы, «Алдағы 10-15 жылда үлкен ғылыми-технологиялық төңкеріс болады» деген сөзді көп естіп жүрміз. Қазақ ғылымында сондай төңкеріс бола ма?

– Шетелдерде ғылым өте жоғары дәрежеде дамып жатыр. Әлемде ғылыми төңкеріс болатынына күмәнім жоқ. Қазіргі жағдайда бізге оларға ілесу өте қиын. Себебі 30 жылда қазақ ғылымы дамыған жоқ. «Бізге ешқандай ғылымның керегі жоқ. Кез келген технологияны шетелден сатып алуға ақшамыз да, мұнайымыз да жетеді» деген ұстанымды да биік мінберлерден естідік. Өкінішке қарай, 30 жыл бойы ғылымға деген осындай көзқарас болды. Ғылымды дамытуға қаражат бөлінбей, ғалымдарға жағдай жасалмағандықтан ғылым тоқырап қалды. Ғылыми-технологиялық төңкерістің болу-болмауы ғалымдарға жасалған жағдайға байланысты деп ойлаймын. Қазір ғылымға көңіл бөлгісі келіп жатыр, бірақ нақты істен гөрі сөз көп. Мысал келтірейін. Бізде ғалымдарға ақшаны үш жылға бөледі. Сол қаражатты алу қиын. Конкурсқа қатысуға жіберген құжаттарың жетпей қалады. Құжат қабылдайтын жерде ғылымды толық түсінетін адамдар отырған жоқ. Зерттеген тақырыбымды әрі қарай жалғастырайын деп екінші рет құжат жіберсең «бұл тақырыпқа ақша бөлінген» деп өткізбейді. Керемет идеяң болғанның өзінде бөлінген қаражат жылдың ортасында түседі. Осыларға қарап елімізде ғылыми төңкеріс болады дей алмаймын. «Қазақстанда 25 мыңға жуық адам ғылыммен шұғылданады» деген дерек бар. Ол біз үшін көп пе, аз ба – білмеймін. Білетінім, олардың бәрінің бірдей жағдайы жақсы емес. Бала-шағасын асырауы үшін 2-3 немесе одан да көп жерде жұмыс істеп жүргендер бар. Солай жүгіріп жүрген ғалым қандай жаңалық ашуы мүмкін?! Ғылымда әрбір ғалымның табысқа жетуі – қиын нәрсе. Бірақ көп адамды қызықтырып қойса, ғалымдардың саны көбейсе, олар міндетті түрде адамзатқа қажетті сенсациялық жаңалықтар ашады. Сондай жаңа идеяларды айта алады.

ШЫН ҒАЛЫМ МЕН ЖАЛҒАН ҒАЛЫМДЫ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

– «Бізде ғылымның тасталқаны шықты. Нағыз ғалымдар дұрыс бағаланбай отыр. Мысалы, менің ғылыми жұмысымды Қазақстанда түсінетін 4-5 адам бар. Қалғаны әншейін долбарлап түсінеді. Грант ұтып алу лотерея билетін ұтумен бірдей. Ақша алуға неше түрлі қитұрқылықтар жасап қойған» деп едіңіз бірер жыл бұрын біздің газетке берген сұхбатыңызда. Ал бүгін жағдай өзгерді ме?

– Ғылыми жұмыстардың нәтижесін түсіну өте қиын. Менің жұмысымды бірге істеп жүрген ғалымдар ғана түсінеді. Маған басқа тақырыптағы бір жұмысты берсе, кейбір ерекшеліктерін түсіне алмаймын. Грант ұтып алу дегенге мысал келтірейін. Бірде мыс ұнтағы туралы жобамды конкурсқа жолдадым. Адам таңғалатындай нәтижелерді көрсеттім. Осы салада Қазақстанда ұзақ жылдар жұмыс істеп жүрген маманның бірімін. Бірақ жобам өтпей қалыпты. Сонда білгенімдей, әншейін жүрген бір адамдар нитратты ортада мыс алуға болады, ток аз кетеді деп анау-мынау уәжін келтіріп, жобаны ұтып алыпты. Ал нитратты ортада катодты процесс жүргізуге болмайды. Өйткені азоттың бір және екі валентті оксидтері түріндегі өте улы газдар бөлінеді. Жіберген жұмысыңның қандай адамның қолына түсетіні белгісіз. Сол себептен әділ жолмен грант ұтып алу өте қиын. Жылудан тікелей электр тогын алу тек термопараларды қолдану арқылы іске асады. Ол жылу температурасы 100 градустан асқан кезде ғана жұмыс істейді. Ал одан төменгі температураларда жылуды тікелей токқа айналдыру мүмкін емес болып келген. Жуырда 100 градусқа дейін жылудан тікелей электр қуатын алуға болатынын зерттеу нәтижелерімен көрсеттім. Әлемде бұрын-соңды мұндай жаңа әдіс болған емес. Жылу электр және атом электр станциясында су парымен турбинаны айналдырып, электр тогын алады, одан шыққан суды арнайы реакторларда суытады. Ал егер турбинадан шыққан судағы 80-90 градустағы жылуды тікелей токқа айналдырсақ, өте көп мөлшерде электр қуатын алуға болады. Мысалы, Түркияда Күн сәулесімен суды жылыту әдісі шешімін тапқан. Сол жылудан күні-түні электр тогын ала беруге мүмкіндік беретін жаңа әдіс ұсындық. Бұл жобамның қолдау тауып, қаржы бөлінетініне күмәнданып отырмын. Себебі оны түсінетін адамдар аз.

– Ғылымды бағалаудың нақты бір өлшемі бар ма? Мысалы, ғылымның бір саласындағы шын ғалымның ашқан жаңалығы, зор жетістігі қалай әділ бағаланады?

– Әрбір адамның ойын, ойлау дәрежесін, мақсатын, арманын, мінез-құлқын немесе салған суретін, шығарған музыкалық еңбегін, одан басқа адамның адамгершілігі мен пейілін және осы сияқты қасиеттерді өлшеуге бола ма? Оларға сандық сипаттама беруге бола ма? Әрине, бұл – мүмкін емес нәрсе. Себебі нақты өлшеуге болмайтын, санмен сипатталмайтын қасиеттер көп. Өкінішке қарай, қазіргі күні ғалымдардың ғылыми еңбектерінің нәтижесін өлшейтін, өлшегендей жағдайға келтіретін «наукометрия» деген бағытта нақты нәтижесі жоқ демагогиялық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы бағытта жүргізілетін қитұрқы тірліктер нағыз ғалым мен жалған ғалымды ажыратуға мүмкіндік бермей, нағыз ғылымның қарқынды дамуына кесірін келтіріп, нағыз ғалымдардың абыройына көлеңке түсіріп, еліміздегі ғылымның дұрыс жолмен дамуына мүмкіншілік бермей келеді. Ғылымнан түсінігі аз адамдар, әсіресе басшылар мен шенеуніктер ғалымдардың жұмыстарын Хирш индексі арқылы өздері бағалап, ғылымды басқарғысы келеді. Сол себепті ғылыми жұмыстардың нәтижесін және құндылығын белгілі бір өлшемге – «наукометрияға» келтіріп, оп-оңай шешім қабылдағысы келеді. Белгілі заттың салмағын, оның өлшемдік параметрлерін (ұзындығы, ені, тағы сол сияқты) өте үлкен дәлдікпен өлшеуге болатыны белгілі. Ал ғылыми нәтижелерді санмен өлшеу абсурдты ұғым екенін әрбір көкірегі ояу адам түсіне алады. Зерек адамдар біледі: «көп және аз» деген өлшемнің өзі – абстрактылы нәрсе. Себебі «көп» деген ұғым барлық уақытта ол заттың көп екенін білдірмейді. Бұл – салыстырмалы өлшем. Ғұлама ғалым Эйнштейн жанжақты зерттеулер, есептеулер нәтижесінде «салыстырмалық теориясын» ұсынғаны белгілі. Мысалы, адамның басындағы үш тал шаш – өте аз, ал бұл сіздің тостаққа құйылған көжеңізде болса – өте көп. Сол себептен «көп», «аз» деген сөздер ешқандай да нақты нәтижелер көрсетпейді. Ол салыстырмалы түрде келтірілген кезде ғана дұрыс нәтиже бере алады. Әрбір ғалымның, ғылыми жұмыстың құндылығы – оның ашқан ғылыми жаңалығымен және табиғи құбылыстарды түсінуде елеулі үлес қосатын, адамзаттың білімін тереңдететін, болашақта табиғи шикізаттарды өңдеп, пайдалы зат немесе қосылыстар алу технологиясын жасауға мүмкіншілік беретін, жаңа қасиетке ие жаңа заттарды алуға жол ашатын нәтижелерімен бағаланады.

ХИРШ ИНДЕКСІ МЕН СКОПУСТЫҢ СОРАҚЫЛЫҒЫ

– Қазіргі ғалымдардың біліктілігінің деңгейін Скопус санатына кіретін журналдарға шыққан мақаласымен я болмаса Хирш индексімен бағалап жатады. Меніңше, нағыз ғалымның еңбегіне лайықты баға беру үшін біздің өмірімізге енгізген жаңалығы есепке алынуы тиіс емес пе? Ал Хирш индексі деген қандай өлшем? Осыны қарапайым мысалдармен түсіндіріп бересіз бе?

– Бүгінде ғалымдардың қандай ғылыми нәтижелер алғанында, олардың әлемдік жаңалығы мен құндылығында ешкімнің жұмысы жоқ сияқты. Жарияланған мақалада қандай қызықты, керекті, пайдалы, ерекше жаңа алынған ғылыми нәтижелері туралы айтылмайды да. Тек қандай журналда шыққаны, автордың Хирш индексі қандай екені туралы ғана айтылады. Негізінен, шетелде шығатын Q1, Q2, Q3 санатына жататын журналға мақаласы шықса болғаны, ол керемет ғалым болып шыға келеді. Болды. Елімізде жыл сайын сол жоғары категорияға жататын журналдарда мақаласы шыққан адамдарды жинап, марапаттайды. Бірақ сол кезде олардың мақалаларында көрсетілген ғылыми нәтижелері туралы бір ауыз сөз айтқанын естімедім. Себебі шенеуніктердің бәрі бірдей ғылыми жұмыстардың құндылығын, мағынасын да түсіне алмайды. Ғалымдардың арасында мынадай күлкілі жағдай айтылып жүр. Бір адамның (ғалымның) Скопус санатына жататын журналдарға үш мақаласы шығыпты. Оқу орнының басшылары бұл адамды марапаттап, мақтау сөздерін айтып жатқанда, бір қарт профессор бұл мақалаларда қандай ғылыми жаңа нәтижелер алынғанын білгісі келіпті. Мақалалардың авторы міңгірлеп, бір нәрселерді айтқан болыпты. Бірақ кейін бәрі анықталыпты, шыққан үш мақаланың екеуі мерейтойлық құттықтау, ал біреуі некролог екен. Калифорния университетінің профессоры, физик Хорхе Хирш 2005 жылы ғалымның ғылыми еңбектерінің құндылығын бағалау үшін «Хирш индексі» немесе «h-индекс» деп аталатын көрсеткішті қолдануды ұсыныпты. Ол Хирш индексін ғылыми зерттеулердің маңызын, құндылығын көрсететін ғылыми өлшем ретінде әлемдік қауымдастыққа қабылдауды ұсынған. Ұсыныс бойынша сіздің ғылыми мақалаңызға сілтеме жасалған сайын сіздің ғылыми құндылығыңыз, абыройыңыз арта береді (Хирш индексі өсіп) екен. Осыған байланысты ғалымның «h-индекс» көрсеткіші үлкен мәнге ие болса, оның қызметтегі лауазымының өсуіне, оған қаржылай грант бөлінуіне, одан басқа диссертациялар қорғауына және т. б. ғылыми атақтар алуына жол ашылып, үлкен мүмкіншіліктер туады. Интернеттен оқығаным: кейінгі кезде Хирш индексін енгізген профессор Хирштің өзі бұл өлшемнің нәтижелеріне өзі де күмәндана бастаған сияқты. Бірақ кезінде бұл ғалымның ұсынған демагогиялық ойы жеңіп, оңай абыройға жеткісі келген ғалымдарға, әсіресе басшылар мен шенеуніктерге ұнап, бүгінде көпшілік елдерде ғалымдардың еңбегі тек осы Хирш индексімен бағаланып отыр. Бұл критерийге соншалықты мән бермейтін мемлекеттер де бар көрінеді. Себебі олар сілтеме жасаудың мағынасы мен маңызын түсінетін сияқты. Бүгінде қажеттілігі аз, ғалым еңбегінің нағыз құндылығын көрсете алмайтын Хирш индексін әсіресе біздің мемлекетімізде ғалымдардың еңбек нәтижесін бағалаудың негізгі көрсеткіші ретінде қолданып келеді. Кез келген ғалымның ғылыми бағасы оның зерттеу нәтижелерімен емес, ғылыми идеясымен емес, ғылымға қосқан үлесімен емес, өндіріске немесе оқу процесіне кіргізген жаңалықтарымен емес, тек мақала басылып шыққан журналдың түрімен және оған жасалған сілтемелермен ғана есептеліп (өлшеніп) келеді. Ғалымның Хирш индексі жеткілікті болмаса, ғылыми жұмыстарға, докторанттарға ғылыми жетекші де бола алмайды. Тіпті оппонент, рецензент те бола алмайды. Мемлекетімізде бүкіл өмірін ғылымға арнаған, өзінің ғылыми мектебі бар ғұлама ғалымдардың өздері де осы Хирш индексі негізінде көптеген қиындық пен азапты басынан кешіріп келеді. Ал осы ғұлама ғалымдар мектебінен ғылымның негізін үйреніп, ғылымға алғашқы қадамын жасап шыққан қатардағы жас ғалымдардың Хирш индексі ғұлама ғалым ұстазынан жоғары болып кеткен жағдайлар да жиі кездесіп жатыр. Оның ғылыми еңбегінің құны ғылымдағы ұстазының еңбегінің құнымен салыстыруға да келмейді, ал бірақ бұл жас ғалымның Хирш индексі жоғары болып тұр. Бұл – нағыз парадокс!

ҒЫЛЫМҒА НЕ ТҰСАУ БОЛЫП ТҰР?

– Абдуали аға, қазір қалтасында көк қағазы көп адам Скопусқа мақаласын жариялап, әлемге әйгілі ғалым болып шыға келеді деген рас па? Бұл ғылымды дамытуға емес, құлдырауға апаратын жол емес пе?! Өзіңіз айтқандай, әпербақан бір профессордың демагогиялық ұсынысына жер жүзіндегі ғалымдар неге бірауыздан қарсы шығып, мұндай күмәнді өлшемді қолданыстан алып тастамайды? Содан кейін Скопус, Q1 және Q2 дәрежелі журналдарына шығатын мақалалардың барлығы дерлік жоғары дәрежеде екеніне кім кепілдік береді?

– Хирш индексі компьютермен емес, ғалымдардың нақты шешімі арқылы анықталуы тиіс. Жақында бір ғалым ұстазбен сөйлестім. Бір кездері өзінің шәкірті болған бір ғалымның статусы өте жоғары журналда мақаласы шыққанын айтады. Термодинамикалық есептеулердің бәрі дұрыс емес есептелген, нәтижесінде жасалған тұжырымдары да дұрыс емес екенін көріп қатты қынжылғанын айтты. Шыдамы жетпей, қасындағы белді ғалымдармен ойымен бөлісіп, 4-5 ғалым бірігіп, қарсылығын білдіріп мақала жазып жатқанын айтты. Бұл айтып отырғаным бір ғана мысал. Одан басқа, кейінгі кезде таныс ғалымдар бір-біріне «көмектесіп», Хирш индексін көбейту мақсатында жазған мақаласына қатысы аз, тіпті қатысы жоқ болса да, сілтеме жасайтыны туралы мәліметтер кейінгі кезде жиі жазылып та, айтылып та жүр. Егер сілтемеде келтірілген мәліметтерді пайдаланса және ұсынылып отырған ғылыми жұмыстарды сол мәліметтерсіз жүргізу мүмкін емес болса ғана Хирш индексі берілуі тиіс. Осындай көзқараспен есептелген Хирш индексінің мағынасы, мәні болар еді. Мұндай сілтеменің салмағы бар, бұл кезде ол сілтеме сандық сипаттамаға ие болуы тиіс. Нақтылай келгенде, Хирш индексі сарапшылардың шешімімен ғана анықталуы тиіс. Осындай толып жатқан кемшіліктері бар Хирш индексі бүгінде ғалымның ғылыми дәрежесін көрсететін негізгі сандық сипаттама болып отырғаны ұят емес пе? Интернетте «Қазақ ғылымы және ғалымдары» деген чатта «Егер Хирш индексі 30-дан асса, ол – ғалымның ғылыми дәрежесі» Нобель сыйлығының деңгейімен бірдей деген сандырақ сөздерді күнделікті жазып және айтып тұрады. Бүгінгі ғылымға қатысы бар ғалымдардың еңбегін бағалауда және ғалымның тағдырын шешетін ұйымдарды және комиссияларды қалыптастырғанда, оның мүшелері тек Хирш индексіне ғана қарап шешім қабылдап жүр. Шын ғалымдар тасада қалып, Хирш индексі барлар өрлеуде. Қазақстанда ғана емес, бұл индекс Орта Азия ғылымына тұсау болып отыр. Ал Ресейде бұл индексті негізгі көрсеткіш ретінде есептемейді. Бұрынғы кезде баспадан шыққан жалпы мақала саны ғалымның негізгі ғылыми көрсеткіштерінің бірі болатын. Ол өте дұрыс та еді. Ол – әрбір ғалымның адал еңбегі. Бір ғылыми нәтижені қайта-қайта басып шығаруға болмайтыны анық, себебі қазір әрбір мақала «плагиатқа» тексеріледі. Сол себепті әрбір мақалада жаңа ғылыми нәтиже болуы керек. Сондықтан мақала саны ғалымның еңбегін көрсететін негізгі көрсеткіштің бірі болуы керек. Ғылым саласын басқарып отырған басшы шенеуніктер, сіздің ғылыми жұмысыңызды тіптен түсінбесе де, Хирш индексіне қарап, сізге екі-үш рецензент пікірлерін білдіреді емес пе? Ал бүгінде әрбір ғалымның тағдырын Хирш индексі шешіп отырған жағдайда, бұл сандық сипаттама бойынша арнайы эксперттер жоғарыда көрсетілген мәліметтерді ескере отырып шешім қабылдауы тиіс. Соның өзінде Хирш индексі тек сандық сипаттама, ол ғалымның тағдырын біржақты шешпеуі тиіс. Хирш индексі автоматты түрде есептелетін болғандықтан, басқа да кездейсоқ деректер алынуы мүмкін. Мысалы, ғалымдардың

фамилиясы және инициалы бірдей болса, сол авторлардың әрқайсысына белгілі бір Хирш индексін шығарып береді. Автоматтық жүйеде оларды бір-бірінен ажырату оңай емес. Мысалы, кеңес өкіметі кезінде газеттен мынадай мәлімет оқығанмын. Тек Мәскеу облысының өзінде 1000-нан аса аты-жөні Иван Иванович Иванов деп аталатын адамдар бар екен. Ал фамилиясы мен тек инициалы бірдей қанша адам бар екенін білу мүмкін емес шығар. Демек, фамилиядан басқа қосымша параметрлер енгізу қажеттілігі туады. Одан басқа, кейбір адамдардың фамилиясы мен инициалы ағылшын тілінде әртүрлі болып жазылады. Бұл да үлкен мәселе. Солардың бір түріне ғана тоқталар болсам. Менің фамилиям мен атым – Баешов Абдуали. Алғашқы кезде өзім де фамилиямды дұрыс жазбай жүріппін, мен Baeshov деп жазатынмын, ал менен сұрамай-ақ, паспортыма Bayeshov деп жазыпты. Ағылшынша «у» әрпі қосылып жазылады екен, бұл грамматикаға байланысты. Сонымен менің фамилиям мақалаларымда әртүрлі болып жазылып кеткен. Одан бөлек, бір мақалада тек атымның ғана инициалы – «А.» көрсетілсе, кейбіреулерінде атым және әкемнің аты бойынша инициалым «А.В.» деп көрсетілген. Менің аты-жөнім баспадан шыққан мақалада төрт түрлі болып көрсетіліп кетіпті. Әрине, Хирш индексін есептейтін жүйе осыларды ескермейтіні анық. Мұндай проблема әрбір екінші ғалымның басында болуы мүмкін. Осы мәселенің өзі де Хирш индексінің баға беріп, «біліп» отыра бергісі келетін сияқты. Бұл Хирш индексі шенеуніктерден басқа, шет тілін жақсы білетін және шетелде таныс ғалымдары бар көптеген зерттеушіге де өте ұнап тұр. Көп емес мақала жазып-ақ Хирш индексін реттеп алады. Ешқандай да ғылыми жаңалығы, құндылығы жоқ оншақты мақала ғана шығарып, Хирш индексіңізді жоғары мәнге көтеріп, абыройыңызды көтеру мүмкіншілігі бар екенін көпшілік біледі де.

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> «Ғылым – стратегиялық маңызы бар сала болғандықтан соңғы жылдары бұл бағытқа бөлінетін қаржы 3,5 есе артты, жас зерттеушілерге қолдау күшейді. Осындай қадамдар еліміздің ғылыми әлеуетін арттыра түседі. Қазір Қазақстанда 25 мыңнан астам ғалым болса, олардың жартысы – 40 жасқа толмаған мамандар. Бұл елімізде ғалымдардың жаңа буыны қалыптасып келе жатқанын көрсетеді».
>
> *(2025 жылы Ғылым күні қарсаңындағы салтанатты рәсімде сөйлеген сөзі)*

БАСТЫ ӨЛШЕМ – ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚ

– Сонда ақша төлеп, ғалым болу оп-оңай дейсіз ғой?

– Ғылыми жұмыстың құны оның қай журналда басылып шыққанында емес, оған қанша сілтеме жасалғанымен емес, оның ғылыми жаңалығына және құндылығына қарап бағалануы керек. Тағы да қайталап айтқым келеді, егер ғалым жаңа ғылыми бағыт ашып, сол сала бойынша алынған мәліметтерді журналдарда жарияласа, оған ешкім де сілтеме жасамауы мүмкін. Ғылыми жаңа бағытты ашу – нағыз ғалымның ғана қолынан келетін нәрсе. Сонда қалай болғаны, ашылған жаңа ғылыми бағыт болашақта көптеген принципиалды жаңа технологиялар жасауға мүмкіндік беретіні анық. Бірақ Хирш индексі тұрғысынан бұл жұмыстар өз бағасын ала алмайды. Демек, бұл жағдайда да, ғылыми жұмыстың құндылығын көрсете алмайтын Хирш өлшемімен емес, ол ғылыми еңбектің әлемдік жаңалығымен, құнды фундаменталды нәтижелерімен бағалануы керек. Қазақта «биографиясы келсе де, географиясы келмейді» деген сөздер де орын алып отыр. Сіздің зерттеулеріңіздің өте жақсы нәтижелері, өзінің құндылығымен емес, оның қай жерде қай журналда басылып шыққанына байланысты ғана бағаланады. Егер өте жақсы жаңалығы бар, жаңа идеямен, жаңа методикамен алынған ғылыми нәтижелер өзіміздің республикамыздағы белді журналдарға шықса, оның құны бағаланбайды, дәл осы мақала шетелдің Скопус, Q1, Q2 сияқты дәрежедегі баспада шықса, ол ғалым керемет ғалымдар қатарына қосылып шыға келеді. Мүмкін сіздің жазған мақалаңызда Нобель сыйлығына тұрарлық ғылыми нәтижелер алынған шығар, бірақ оған ешкім мән бермейді, себебі көбі түсінбейді. Скопус журналдары туралы мәлімет жұмбаққа ұқсас нәрсе, Скопусқа жатады, көрсеткіші жоғары деп мақалаңызды жіберсеңіз, ол рейтингтің басқа түрі болып шығуы мүмкін. Журналдар рейтингінің түрі және де басқа сиқыры көп сияқты. Оны түсінетін, түсіндіретін адамдар аз. Табиғаттың керемет жаңа заңдылығын аш, бәрібір көрсеткіші жоғары Скопус журналында мақалаң шықпаса, сен ғалым емессің. Сенің ғылыми жұмысыңның жаңалығын, ерекшелігін сұрайтын ешкім де жоқ. Ақша төлеп керемет ғылыми көрсеткіштерге жету – бүгінде оп-оңай нәрсе. Бәрін ақша шешіп жатыр. Әрине, ғылыми мақаланы шетелде шығару керек те шығар, бірақ ол өте үлкен қаражатты қажет етеді (екі-үш мың долларға дейін). Бірақ осындай көп ақша төлеп, «абыройлы» ғалымдар қатарына оп-оңай қосылуға болады. Ғылым және жоғары білім министрлігіндегі қызметкерлер бұл жағдайды біліп те отыр, нәтижесінде шетелге миллиондаған ақша еліміздің кетіп жатыр. Көп мөлшерде айлық алмайтын ғалымдар бейшаралық күнін көріп жүр. Кейбір ғалымдар мақаласын шетелдегі биік дәрежедегі журналдарға шығару үшін ақшасы бар адамдарды телавтор етіп қосып, амалын табуға тырысып жүр. Кейбір телавторлардың бұл ғылыми еңбекке тіпті қатысы болмауы мүмкін. Интернеттегі мәліметтер бір ғылыми мақала авторларының саны 100-ден де асып кететін жағдайлар бар екенін көрсетеді. Көпшілік біледі, интернетте жиі хабарламалар жазылып тұрады. Ғылымның әрбір саласы бойынша шығатын дайын мақалаға авторлар, телавторлар іздейді. Төлеген ақшаңызға байланысты осы мақаланың бірінші немесе екінші, үшінші және басқа авторы бола аласыз. Ақшасын төлесеңіз, 2-3 айда «керемет» мәртебеге ие мақалалардың авторы болып шыға келесіз. Одан кейін Хирш индексіңіз де өсе бастайды. Еліміздегі белді, озық ғалымдар қатарына қосыласыз. Сіздің ғылыми статусыңыз күрт жоғарылайды. Демек, көп нәрсені ғылым немесе білім емес, ақша шешеді. Бұл не сұмдық? Егер сіз өзіңіз мақалаңызды шетел журналына жіберсеңіз, оған үш адам рецензия жазып беруі тиіс. Мақалаңыздың тағдыры – солардың қолында. Сол адамдардың біліміне, көңіл күйіне, ақпейілділігіне байланысты шешім шығарады. Олардың дұрыс немесе бұрыс шешімін шығарып жатқанын бақылайтын механизм жоқ.

ПАТЕНТТІ БҮКІЛ ӘЛЕМ МОЙЫНДАЙТЫН

– Интернетті ашып қалсаң: «Скопусқа мақала жариялауға көмектесеміз», «Сенің ғылыми жаңалығыңды бүкіл әлем оқып-біледі» деген тақырыппен жыпырлаған жарнамалар алдыңнан шығады. Бұрын патент алған адамның еңбегі анық көрініп тұрушы еді, ал қазір біреу сені өз мақаласына қосалқы автор етіп қосып, белгісіз бір халықаралық журналға жариялайды да, атағын да, ақшасын да алады. Ғалымның бақ-беделі, арабыройы деген нәрсе қайда қалды сонда?

– Иә, сұрағың орынды. Скопус журналдарының тағы да бір ыңғайсыздығы: әрбір ғалым мақаланы күн сайын жазып жүрген жоқ. Сол себепті статусы жоғары болып есептелетін журналдың хал-жағдайын олар біле бермейді. Мақала дайындап, көзі түскен шетелдік бір журналға жібереді. Мақаласы шығам дегенше, ол журнал Скопус тізімінен шығып қалуы немесе көрсеткіші төмендеп кетуі жағдайы жиі кездеседі. Сол кезде ғалымның бүкіл еңбегі еш кетеді. Кейінгі кезде белгілі бір ақшаға «Хирш индексін» өсіріп береміз деген делдалдар да пайда болғанын көпшілік айтып жүр. Шынайы келгенде, Хирш индексінің қалай есептелетінін ешкім білмейді, әйтеуір интернеттен шыққан мәліметке сеніп отыра береді. Мүмкін сіздің жазған мақалаңызда Нобель сыйлығына тұрарлық ғылыми нәтижелер алынған шығар, бірақ оған ешкім мән бермейді, себебі көбі түсінбейді. Кеңес өкіметі кезінде менің 30-дан аса патентім болды (А.с. СССР). Олардың жартысына жуығына бұл мәліметтерді «ашық баспада шығаруға болмайды» деп мөр басып беретін және бұл қатаң қадағаланатын. Ал қазір негізінен өз мемлекетіміздің қаражатына және ғалымның білімділігінің, еңбегінің арқасында алынған ғылыми нәтижелерді неге асыға мақала ретінде баспада шығарып, шетел адамдарының қолына ұстата салуымыз керектігін түсінбей келемін. Бірақ қазіргі гранттан ұтып алған үш жылдық жоба бойынша есеп беру үшін беделді шетел журналдарында мақалаң шықпаса, есеп қабылданбайды немесе мақала шықпады деп кемінде миллион теңгеге дейін өз қалтаңнан айыппұл төлеуің керек. Шынына келгенде, әсіресе жаратылыстану саласында жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижелерін тез арада асығыс баспаға беруге болмайды деп есептеймін. Ғылымдардың жаратылыстану саласындағы көптеген зерттеулер нәтижесінде жаңа әдістер, тіпті принципиалды жаңа технологиялар жасалады. Сол себепті бұл жұмыстардың нәтижелерін мақала түрінде жарияламас бұрын бұл тәсілдерге патент алынуы керек. Әйтпесе сіздің жазған мақалаңыздың негізінде басқа біреулер патент алып, нәтижесінде бұл жұмыстың иесі құжаты бар басқа адам бола алады. Патент – өте қажетті, бүкіл әлем мойындайтын құжат. Барлық уақытта сол технологияның иесінің сіз екеніңізді білдіреді. Басқа біреулер бұл әдісті қолданғысы келсе, біздің мемлекетке және авторға ақша төлеуі тиіс. Ал біздің ғалымдар жасаған ғылыми жұмыстарға басқа елдің адамдары патент алып алса, заңды түрде бұл әдістің авторы солар болып есептеледі. Ал біздің мемлекет бұл технологияны кезінде қолданғысы келсе, енді сол авторға ақша төлеуі тиіс. Заң солай. Кезінде элементтердің периодтық таблицасын ұсынған Д.И.Менделеев және алғаш болып радио жасаған Попов патент алмағандықтан, бұл жұмысқа басқалар патент алып, солар ие болып жүр. Кеңес өкіметі кезіндегі республикаларда ғана Менделеевтің таблицасы деп аталып жүр. Ал басқа көптеген мемлекеттер олай атамайды да. Патент – ол сіздің зерттеулер нәтижесінде ұсынған технологияңыздың авторы екеніңізді білдіретін бұлжытпас құжат. Оны бүкіл әлем мойындайды. Ол туралы мемлекетаралық келісімдер бар. Бүгінде біздің елімізде патенттің құны белді баспалардан шыққан мақалалардан және Хирш көрсеткішінен көп төмен болып есептеліп жүр, кейде есептелмейді де. Тағы бір сұмдықты атайын, бүгінгі күн мақаланың бірінші авторы және корреспондент-автор деген бір қитұрқы ұғымдарды шығарды. Бір кездерде, егер сіз бірінші автор немесе корреспондент-автор болсаңыз, сіздің шыққан мақаладағы статусыңыз жоғары мәнге ие болады деген де ойлар айтылды. Көпшілік біледі, ол белгілі де, көптен қалыптасқан жағдай бойынша, бірінші автор сол институттың директоры немесе лаборатория меңгерушісі болады. Әдетте, олардың көпшілігі мақаланы жазбайды да және онда жазған мәліметтер туралы тіпті білмеуі де, түсінбеуі де мүмкін. Менің ұстазым – ғұлама ғалым Е.Бөкетов жиі айтатын: әрбір мақаланың бірінші авторы сол идеяның иесі ғана болуы керек, себебі жақсы идея болса, оны кез келген сауатты қатардағы ғалым орындай алады. Ал идея болмаса, бұл ғылыми жұмыс жүргізілмес те, орындалмас та еді. Ол ағамыз осы сөзін іс жүзінде көрсетіп те жүрді. Ал корреспондент-автор дегенді түсінігі аз біреулердің шығарып жүрген тірлігі деп ойлаймын. Ғалымның беделін, абыройын тек Хирш индексімен бағалау ғылымның дамуына өте үлкен кесірін тигізуде. Нағыз ғалымды бағаламай, Хирш индексі арқылы ғалымдардың тағдыры шешілуде. Қорыта айтқанда, Хирш индексі ғалымдар еңбегінің негізгі көрсеткіші деп есептеу – өте үлкен қателік. Әрине, уақыт өте бұл қисынсыз шешімнің дұрыс емес екені анықталып, бұл ғылыми сипаттама өз мәртебесінен айырылатынына ешқандай күмәнім жоқ.

Сұхбаттасқан Төлен ТІЛЕУБАЙ

10 ЖЫЛ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕДІ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленді. Нормалар негізгі үш бағытты қамтиды. Қысқаша тоқталайын. Бірінші бағыт – ғылым. Ғалымдарымыздың он жылдан астам уақыт көтерген проблемасын шешетін нормалар енгізілді.

Бүгінде ғылымды қаржыландыруда үлкен мәселе бар. Ғылыми гранттар негізінен үш жылға, яғни 36 айға жоспарланады. Алайда конкурстық рәсімдерінің созылуына байланысты, іс жүзінде ғылыми жоба алғашқы жылы, қаңтарда емес, тіпті жылдың соңына қарай басталады. Соның салдарынан ғалымдар зерттеуді толық үш жыл емес, шамамен екі жыл ғана жүргізеді. Ал бұл ғаламдардың қолына түсетін қаржыландыру көлемінің де қысқаруына әкеледі.

Енді, біз ұсынған нормаларға сәйкес, ғылыми жобаның бастау мерзімі автоматты түрде қаңтар айынан емес, нақты сол келісімшарт жасалған күннен бастап белгіленуі тиіс. Сәйкесінше, ғалымдар енді бөлінген қаражаттың 70-80 пайызын емес, толығымен 100 пайызын алып, жоспарланған уақыты да 100 пайыз пайдаланып, сапалы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік ашылады.

Екіншіден, заң жобасы аясында біз Ұлттық ғылым академиясының жұмысын тежеп тұрған бірнеше мәселені шешеміз. Оның квазимемлекеттік сектор субъектісі мәртебесін заң жүзінде бекітеміз. Бұл академияның мүлкін қалыптастыру тәртібін нақты реттеуге, басқару тетіктерін жүйелеуге және тұрақты қаржыландыру көздерін айқындауға мүмкіндік береді. Ғылым академиясы үшін бұл өте қажет өзгерістер.

Үшіншіден, ғылыми жобалар бойынша конкурс нәтижелерін жариялау мерзімдері заңмен нақты регламенттеледі. Қазіргі таңда бұл мерзімдер айқын бекітілмегендіктен, рәсімдер жиі созылады, ал ғалымдар белгісіздік жағдайында қалады. Біз рәсімдерді уақытылы өткізіп, конкурс нәтижелерін белгіленген мерзімде жариялауды міндеттейтін нормаларды енгіземіз.

Төртіншіден, қазіргі таңда мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылым докторлары 56 күндік ақылы еңбек демалысын алады. Ал жекеменшік ұйымдарда ондай міндет жоқ, сондықтан көбі 30 күнге жуық еңбек демалысына шығады. Енді біз мемлекеттік тапсырысты алатын жекеменшік ғылыми ұйымдарда дәл осы 56 күндік демалыс беруді ұсындық. Ғылым – ортақ, талап та ортақ, құқық та тең болуы тиіс.

Бесіншіден, ғалымдардың құқықтық мәртебесі бойынша мәселе. Ғалымдардың қызметін дербес жоспарлауына, нәтижелерін еркін жариялауына, академиялық еркіндігіне байланысты құқықтары бойынша нақты нормалар бекітіледі.

Алтыншы. «Ұжымдық пайдаланылатын зертханалар» тетігі енгізіледі. Бұл норма бюджет есебінен сатып алынған ғылыми инфрақұрылымды тиімді әрі баршаға қолжетімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Мысалы, бір университетте заманауи зертхана бар, ол зертхана Қазақстанда немесе тұтас өңірде біреу ғана, қазір оны негізінен тек сол ұйымның ғалымдары ғана пайдалануда. Енді осы заңда, дәл осындай зертханаларды басқа да ғалымдар үшін қолжетімді ету үшін, арнайы Ұжымдық пайдалану зертханалары деген ұғым және тиісті механизм енгізілуде. Сонда кез келген ғалым арнайы ақпараттық жүйеден қай жерде қандай зертхана бар, ол қай уақытта бос, қалай ол жерде зерттеу өткізуге болатынын біліп, осы ғылыми инфрақұрылымды тиімді пайдаланатын.

Жетінші. Республикалық немесе халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыстарына қатысатын дарынды балалар үшін ғылыми ұйымдардың, университеттердің зертханалары толық қолжетімді емес. Енді осы заң жобасымен, министрлік бекіткен тәртіпке сәйкес, осы дарынды балалар, пән олимпиадалары бойынша ұлттық құрамалар үшін, мемлекеттік университеттердің зертханаларын тегін пайдалану құқығы беріледі. Бұл – дарынды балалар үшін үлкен қолдау.

Сегізінші. Ғылымды қаржыландыру жүйесінде жауапкершілік пен мемлекеттік бақылау күшейтіледі. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды қаржыландыру бойынша шешімдерді, қай жоба қанша қаражат алады, қай жоба қолдау табады, осының бәрін шешетін Ұлттық ғылыми кеңестер. Ал Ғылым комитеті, қолданыстағы заңға сәйкес осы шешімді тек бұлжытпай орындау керек. Алайда миллиардтаған қаржыға қатысты уәкілетті органның нақты жауапкершілігі де, бақылау функциялары толық айқындалмаған. Енді Ұлттық ғылыми кеңестер ғылыми жобалар бойынша шешім қабылдап Ғылым комитетіне ұсынады, ал уәкілетті орган оның заңға сәйкестігін бақылап, бекітеді. Мемлекеттің қаражаты бар жерде – мемлекеттік жауапкершілік болуы тиіс.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІ КӨБЕЙЕДІ

Бүгінде денсаулық сақтау саласында бірқатар жүйелі жұмыс атқарылып, медицина қызметінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асуда. Алдағы 4 жылға 11 медицина нысанының құрылысы жоспарланып отыр. Бұл туралы 2025 жылдың қорытындысы бойынша өткен алқа отырысында қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуова мәлімдеді.



Астана – еліміздегі қарқынды дамып келе жатқан өңірдің бірі. Қала халқының жылдық орташа өсімі 5%-ды құрайды. Бұл денсаулық сақтау жүйесіне үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені медицина көмегіне жүгінушілер саны жыл сайын артып келеді. Бүгінгі таңда бас қаладағы медицина мекемелері жоспарлы қуатынан артық қызмет көрсетуде.

– Елорда халқы жыл сайын орта есеппен 100 мың адамға өсіп отырғанына байланысты қазіргі денсаулық сақтау инфрақұрылымы үлкен жүктемені көтеруде. Одан бөлек, әрбір бесінші шақырту қала емханаларына тіркелмеген өзге өңір тұрғындары мен шетел азаматтарына тиесілі екенін де атап өткен жөн, – деді басқарма басшысы.

Қаланы дамыту барысында әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше назар аударылуда. Әсіресе соңғы жылдары медицина мекемелері көптеп салынып, пайдалануға беріліп жатыр. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек осы айдың басында әлеуметтік желідегі парақшасында жазған еді. Елорда басшысының айтуынша, соңғы 10 жылда елордада босану көрсеткіші 35%-ға артқан, соған байланысты екі 250 орынға шақталған перинаталдық орталық салу көзделіп отыр.

«Алғашқы перинаталдық орталық «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты есебінен салынады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмысы жүріп жатыр, нысанды 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Екінші перинаталдық орталық бойынша биыл жобалау жұмысын аяқтау, ал нысанды 2028 жылы пайдалануға беру көзделіп отыр. Жедел медициналық жәрдемді дамыту аясында жақын уақытта №2 қалалық көпбейінді аурухана жанындағы қабылдау-диагностика кешенінің құрылысы аяқталады. Бұл жедел медициналық жәрдемнің қолжетімділігі мен көрсетілу жылдамдығының артуына мүмкіндік беріп, стационарлық көмектің флагманына айналады» деді Жеңіс Қасымбек.

Сол сияқты «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен Сарыарқа ауданындағы №3 жаңа көпбейінді қалалық ауруханаға алып келеді. Аталған мәселені шешу мақсатында бірқатар медицина ұйымдарының құрылысы жоспарланған. Атап айтқанда, 2 перинаталдық орталық, заманауи көпбейінді жаңа аурухана, 6 жаңа толыққанды емхана (оның ішінде 2-еуі – мемлекеттік), сондай-ақ 2 жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясын салу көзделіп отыр. Сонымен қатар басқарма басшысы осы жылдың мамыр айында маңызды медицина нысаны пайдалануға берілетінін атап өтті. Осылайша, биыл көктемнің соңында №2 көпбейінді қалалық аурухана жанындағы қабылдау-диагностика кешенінің құрылысы аяқталады. Бұл жоба тек екі корпусты біріктірумен шектелмейді, осы арқылы ірі флагмандық медицина орталығы қалыптасады. Аталмыш кешен құрамында көпфункционалды жансақтау бөлімі, кеңейтілген қарқынды терапия палаталары, жоғары технологиялық диагностика және емдеу әдістері қарастырылған.



Астана тұрғындарының саны жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты медицина инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, медицина ұйымдары тапшылығын азайту мақсатында 4 жаңа емхана іске қосылып, «Нұрлы жол» вокзалы ауданында бір ауысымда 350 адамды қабылдауға арналған жекеменшік емхана іске қосылған еді. Сонымен қатар 2 ауруханада ауқымды жөндеу жүргізілді. Олардың бірі – көп жылдан бері қала тұрғындарына қызмет көрсетіп келе жатқан №3 қалалық көпбейінді аурухананың ескі ғимараты.

«Ғимаратты жаңғырту барысында инженерлік желілер, палаталар, операция блоктары мен диагностика кабинеттері толық жаңарып, заманауи медицина жабдықтарымен қамтылды. Бұл пациенттер мен медицина қызметкерлері үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Қазіргі уақытта аурухананың терапевтік бөлімі, ас блогы, әкімшілік ғимараты және өзге де бөлімшелерінде жөндеу жұмысы жалғасып жатыр. Аталған жұмыстарды 2026 жылы аяқтау жоспарланған» деді басқарма басшысы.

Биыл Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы базасында Нұра және Есіл аудандарының балаларына қызмет көрсететін балалар травматология пункті ашылды. Бұл оң жағалауда орналасқан қолданыстағы балалар травмпунктіне түсетін жүктемені едәуір азайтып, балаларға арналған медицина көмегінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Медицина мекемелерін заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етуге де басымдық берілген. 2025 жылы 276 медицина жабдығы сатып алынған. Жедел жәрдем қызметінің жұмысын жеделдету мақсатында автокөліктер алынып, автопарк 100 пайыз жаңартылды. Кадр мәселесін шешу бағытында да нақты шаралар қабылданды. 2024-2028 жылдарға арналған жергілікті бюджет есебінен резидентураға 72 грант бөлініп, 45 дәрігер жұмысқа орналасты. Сонымен қатар шетелдік мамандарды тарту арқылы тәжірибе алмасуға 64 медицина қызметкері қатысты.

Балалар денсаулығын нығайту мақсатында 5 мемлекеттік мектепте стоматология кабинеті ашылып, №1 қалалық көпбейінді аурухана базасында балалар стоматологиясы жұмысын бастады. Сондай-ақ аутизмі бар балаларға арналған күндізгі стационар іске қосылды.

Астанада бүгінде 44 емхана жұмыс істейді, олар 1,6 миллионнан астам адамға қызмет көрсетеді. Жыл сайын медицина мекемелеріне 10 миллионнан астам өтініш түседі. Бұл инфрақұрылымды үнемі жетілдіруді, қызметтердің қолжетімділігін арттыруды және кадр әлеуетін нығайтуды талап етеді. Ал жаңа нысандар тұрғындарға мемлекеттік тапсырыс бойынша қолжетімді медицина көмегін көрсетуде.



САРАЙШЫҚҚА СӘН БЕРЕДІ

Астананың Сарайшық ауданында жаңа сауда орталығы бой көтереді. Көктемде пайдалануға берілетін бес қабатты нысанның ішінде аудандағы алғашқы кинотеатр орналасады. Бұл туралы аудан әкімі Мақсат Саматұлы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«2026 жылдың мамыр айында Сарайшық ауданында жаңа сауда үйі ашылады. А.Байтұрсынұлы мен М.Тынышбайұлы көшелерінің қиылысында бой көтеріп жатқан «Jibek joly» сауда-ойын-сауық орталығы – ауданымыздың дамуына тың серпін беретін маңызды жобаның бірі. Құрылысы 2024 жылдың үшінші тоқсанында басталған, жалпы аумағы 16347 м² болатын бес қабатты бұл нысан көктемде пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Жоба тұрғындардың сұранысына сай, заманауи әрі көпфункционалды қоғамдық кеңістік қалыптастыруға бағытталған» деп жазды Мақсат Саматұлы.

Сарайшыққа сән беретін алғашқы кинотеатр дәл осы орталықта ашылады. Мұнда шамамен 70-ке жуық сауда орны болады деп жоспарланып отыр.

«Әрқайсысы 100 орындық 4 зал бір мезетте 400 көрерменді қабылдай алады. Бұл – аудан тұрғындары үшін сапалы мәдени демалысқа қолжетімділікті арттыратын маңызды қадам. Орталықта мейрамханалар мен кофеханалар, фудкорт аймағы, супермаркет, дәріхана, сұлулық салоны, химиямен тазалау, балалар мен ересектерге арналған дүкендер жұмыс істейді. Ал шамамен 4000 м² құрайтын балалар және жасөспірімдерге арналған ойын аумағы отбасы демалысының жаңа орталығына айналмақ. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасау – басты назарда. Нысанда пандустар мен жеделсатылар қарастырылған, сондай-ақ ыңғайлы автотұрақ болады. Бұл жоба – аудан инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам. Көктемде жаңа орталықтың ашылуын бірге қарсы аламыз деп сенемін» деді аудан әкімі.



Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

LRT ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАЙДЫ



Елордада жеңіл рельсті көлік жүйесін іске қосуға дайындық аясында CTS платформа бойынша кезекші және LRT кассирі лауазымдарына қызметкерлерді қабылдау жариялады.

Астана қаласы әкімдігінің мәліметінше, платформа бойынша кезекші лауазымына жоғары білімі бар (мамандыққа қойылатын талап жоқ) немесе орта арнаулы білімі бар үміткерлер қарастырылады. Көлік саласындағы жұмыс өтілі кемінде 6 ай болуы тиіс, қазақ және орыс тілдерін білу – міндетті, ағылшын тілін білу құпталады.

Үміткерлердің міндеттері:

– жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру, жолаушыларға арналған жабдықтардың жұмысын бақылау;

– жолаушылар ағынын реттеу және платформада қоғамдық тәртіпті сақтау.

Кандидаттарға ұсынатыны:

– жұмыс беруші есебінен Астана қаласында 1 ай мерзімге оқыту;

– Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ресми жұмысқа орналастыру;

– оқыту кезеңінде – 5 күндік жұмыс аптасы;

– жұмысқа қабылданғаннан кейін – ауысымдық жұмыс кестесі.

LRT кассирі лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:

– жоғары немесе орта арнаулы білім (бухгалтерия, қаржы, экономика, гуманитарлық бағыттар);

– мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;

– «1С: бухгалтерия» бағдарламасымен жұмыс істеу дағдысы;

– есеп жасау дағдысы;

Кассирдің міндетіне LRT пайдалану қағидаларын, тарифтерді, жеңілдіктер мен жол жүру шарттарын түсіндіру; белгіленген тарифтерге сәйкес автобустарда жол жүруге арналған көлік картасын сату және толықтыру; кассадағы есепті жүргізу кіреді.

Түйіндемелер CTS компаниясының hr@cts.gov.kz ресми сайты арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: +7 (7172) 577 177 (ішкі 102, 207).

АҚЫЛ АЙТҚАНҒА БАС ШҰЛҒИ БЕРЕМІЗ БЕ?

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Ағайын-туыс дастарқан басына жиылғанда атам мен әжем жарықтық ақыл-кеңестерін айтып, ненің болатынын, ненің болмайтынын жиі құлаққа құйып отырушы еді. Алаңсыз шақта ата-әжесінің ақылын тыңдап өскен ұрпақтың жаман болғаны жоқ. Өсті, есейді. Сол буынның өзі қазір алпысты алқымдап қалды. Өздері де ақыл айтар жасқа жетті.

Ал бүгін кім болса сол ақыл айтқыш болып барады. Оны күнделікті әлеуметтік желілер арқылы көз көріп, құлақ естіп жүр. Шынында қазір ақыл табу қиын емес. Телефонды ашсаң болды, біреу өмірді қалай сүру керегін, біреу қалай бай болуды, енді бірі қалай бақытты болуды үйретіп отыр. Кеше ғана бухгалтер, сатушы, тіпті таксист болған адамды айтпағанның өзінде тұрмысқа шығып, бала туып көрмеген қаракөздеріміз отбасы туралы айтқанда аузыңды аштырады. Солардың дені бүгін «коуч», «ментор», «мотивациялық спикер» атанып жүр. Бұл сонда қой дейтін қожаның, әй дейтін әженің болмағанынан ба?

Бұрын ақыл айту – жауапкершілік болатын. Бүгін ақыл көп, жауап беретін адам аз. «Өміріңді өзгерт», «ойыңды өзгерт – табысың өзгереді», «сен бәріне лайықсың» деген жалпылама сөздер мың рет қайталанады. Бірақ сол сөздердің артында нақты білім, тәжірибе, ең бастысы, нәтижесі бар ма?

Коуч феномені қайдан шықты? Бұл – қоғамның шаршағанынан туған құбылыс емес пе? Сауал көп, нақты жауабы жоқ. Себебі адамдар тез шешім іздейді. Олар үшін ұзақ оқу, жүйелі еңбек, кәсіби өсу – бәрі ауыр көрінеді. Ал коуч «үш күнде бай болудың жолын», «он қадаммен табысқа жетуді» уәде етеді. Міне, адамның басы осыған байланып қалып жатыр. Өз үмітін ақшаға сатып алатын деңгейге жетті. Үмітке ақша төлеу – бүгін қалыпты нәрсеге айналды. Үміттің тауар емес екенін ұқпай келеміз.

Коучтардың бәрін бірдей жоққа шығару әділетсіз болар. Шын мәнінде, кәсіби психологтар, бизнес-тренерлер, тәжірибесі бар менторлар бар. Олар нақты салада нақты нәтиже көрсеткен, жауапкершілікті сезінетін адамдар. Алайда мәселе – солардың тасасында көбейіп кеткен жалған «ақыл сатушыларды» айтып отырмыз.

Бүгін кез келген адам курс аша алады. Лицензия жоқ, стандарт жоқ, бақылау жоқ. Айтылған кеңес қате болса, соның салдары үшін ешкім жауап бермейді. Біреудің қаржылық тәуекелге баруына, біреудің отбасылық шешіміне, тіпті психологиялық күйіне әсер еткен сөздер үшін ешкім есеп бермейді. Ақыл айтылады, ал салмағы санаңды сиқырлай алмайды.

– Ең қауіптісі – ойлау жалқаулығы. Біз біреудің айтқанына бас шұлғи салуға үйреніп барамыз. Себебі өз бетіңше ойлану қиын. Ал дайын формула жеңіл. «Осыны істесең – бәрі болады» деген сөзге сенгің келеді. Бірақ өмір формулаға бағынбайды. Егер сіздің өткеніңіз бүгінгі өміріңізге кедергі келтіріп, эмоционалды ауырлық сезінсеңіз, психологқа жүгінесіз. Психолог себеп-салдармен, өткен шақтың жарақаттарымен, іштегі кедергілермен жұмыс жасайды. Дәл қазір сізде ресурс жоқ болса, іштей «сынып» тұрсаңыз, санаңызға салмақ түспегенде қайтеді. Егер сіз қазіргі жағдайыңызда тұрақтысыз, бірақ болашаққа нақты жоспар құрып, нәтижеге тез жеткіңіз келсе, коучқа жүгінесіз – болашаққа, мақсатқа жету жолдары, стратегия. Өнімділік, мансаптық өсу, жаңа дағдыларды меңгеруді қолға алғыңыз келеді. Бірақ нәтижесі жоқ. Сондықтан кім көрінгенге емес, білікті маманның алдына баруға кеңес берер едім, – дейді психолог Әйгерім Нұрғалиқызы.

Қазақта «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген сөз бар. Бірақ ол ақылдың бәрі бірдей дұрыс дегенді білдірмейді. Ақылдың жасы емес, салмағы маңызды. Салмақ – біліммен, тәжірибемен, адалдықпен өлшенеді.

Тағы бір мәселе – әлеуметтік желідегі жылтырақ өмір. Коучтың парақшасында бәрі әдемі: табыс, саяхат, мотивация. Бірақ кадр сыртындағы шындық көрінбейді. Сол көрініске қарап, адамдар өз өмірін кем санай бастайды. Бұл – психологиялық қысым. Ал қысымнан туған шешімдер көбіне қате болады.

Ақыл тыңдау – ұят емес. Ұят – ақылға сын көзбен қарамау. Әр кеңестің артында мүдде барын түсінбесек, алдану оңай. «Бұл адам неге үйретіп отыр? Қандай жолдан өтті? Қандай жауапкершілік алады?» деген сауалдарды өзімізге қою – ақылдылықтың белгісі еді, бірақ, бұған бас ауыртып отырған жан баласы жоқ.

«Қоғамға бүгін коучтан бұрын сыни ой керек. Біреудің сөзіне емес, өз ақылыңа сену керек. Ақылды сүзгіден өткізу – заман талабы. Әйтпесе, көп ақылдың арасында адасып қалу оп-оңай» дейді психолог маман.

– Сертификаты жоқ коучпен жұмыс істеу өте қауіпті. Неге екенін түсіндіріп көрейін, сертификатталған маман этикалық кодексті (құпиялылық, шекараны сақтау) сақтауға міндетті. Сертификаты жоқ адам мұндай жауапкершіліктен сезіне алмайды. Білімі жоқ коуч адамның ішкі «жарасын» байқамай асқындырып алуы, тіпті жарып жіберуі мүмкін. Психолог ретінде айтарым: егер кәсіпкерде терең травма болса, ал коуч оны «тек алға, сен мықтысың!» деп итермелесе, бұл адамды ретравматизацияға яғни қайта жарақат алуға әкеледі. Дипломы жоқ маман көбіне тек өз тәжірибесіне сүйенеді. Барлық клиентке жаппай бірдей әдіс ұсынумен шектеледі. Ал кәсіби коучинг – бұл ғылыми негізделген әдістемелер жиынтығы. Коучтың біліктілігін қалай тексеруге болады?

Қоғамда өзін «коуч» деп атайтындар көп, сондықтан оның саны емес, сапасын анықтау керек. Мына 3 нәрсеге мән беріңіз:

Біріншіден, Халықаралық аккредитация: Ең беделді ұйым – ICF (International Coaching Federation). Егер маманның ACC, PCC немесе MCC дәрежесі болса, бұл оның жүздеген сағаттық дайындықтан өткенін білдіреді.

Екіншіден, сенімді білім базасы: Коучтың қай мектепті бітіргенін сұраңыз. Ол психология немесе басқару саласында жоғары білімі бар ма?

Үшіншіден, клиенттермен жұмыс этикасы: Кәсіби коуч ешқашан «өміріңізді бір күнде өзгертемін» деп жалған уәде бермейді және кеңес айтып, ақыл үйретпейді, – деді психолог Әйгерім Нұрғалиқызы.

Рас шығар, алайда ақыл айтқыштардың байыбына барып жатқандар аз. Мұны күнделікті өмірде көріп жүрміз.

– Мен бір жылдары қатты күйзеліске түстім. Отбасылық жағдайым күрт төмендеп, жұмыссыз қалдым. Сол кезде өзімді керексіз сезінгенім бар. Сондай сәтте қасыңнан жаңашыр жан табылмай қалады екен. Әлеуметтік желі арқылы есімі елге етене таныс бір «ақылманға» жолықтым. «Жолыңды ашып беремін» деп қалтамды да қақты. Ойлана келе сенбеу керектігіне көзім жетті. Менің ұққаным, маңдайың терлеп табыс таппайынша, ештеңеге қол жеткізе алмайсың, – дейді қала тұрғыны Марфуға Темірболатқызы.

Қалай болған күнде де жалған жаңашырлыққа тап болмай, біреуден «ақыл тыңдар» кезде де ақылға салған жөн шығар...

КОНРАД АДЕНАУЭР АТЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ТІРКЕЛГЕН БІРЛЕСТІГІНІҢ ӨКІЛДІГІ

Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы тіркелген бірлестігінің өкілдігі

Конрад Аденауэр атындағы қордың – Германия Федеративтік Республикасының демократияны нығайтуды, азаматтық қоғам құруды, Еуропаны біріктіруді, саяси білім беруді, талантты жастарды қолдауды және халықаралық ынтымақтастықты дамытуды жақтайтын саяси ұйымының жекеленген бөлімшесі болып табылады.

Өкілдікті Конрад Аденауэр атындағы қор құрды және ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қордың жарғысын және Өкілдік туралы ережені басшылыққа алады.

Қызметтің мақсаты мен мәні:

- Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті тереңдетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру, экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін жобаларды қолдау;

- ғылыми-зерттеу еңбектерін басып шығаруға және оларды таратуға жәрдемдесу;

- ерекше дарынды жастарды қолдау.

Қызметтің негізгі бағыттары:

Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі қызметінің негізгі бағыттары:

- Саясат және партиялық жұмыс мәселелері бойынша консультациялар;

- Парламентаралық диалог;

- Азаматтық қоғам мен ҮЕҰ құрылымдарын дамыту;

- Саяси коммуникация және БАҚ-ты дамыту;

- Қоршаған орта және климат;

- Жаңартылатын энергия көздері және энергия тиімділігі;

- Қауіпсіздік мәселелері бойынша сыртқы саясат және диалог;

- «Sur-Place» бағдарламасы.

Өкілдік балансында бір көлік құралы бар.

Бюджетті қалыптастыру көзі: Германияның Федералды экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігінің қаражатынан Конрад Аденауэр қорының Бас кеңсесі (Берлин).

1-кесте. Ақша қаражаттарының қозғалысы

2025 жылғы 01 қаңтардан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең

Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат, теңге	0
Ақша қаражатының түсімі, теңге	
оның ішінде:	**278 578 969**
2025 жылға қаржыландыру	278 578 969
Ақша қаражатының шығуы, кезең ішінде барлығы, теңге	
оның ішінде:	**278 578 969**
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	108 019 173
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру (жарияланымдар / басылымдар)	59 788 113
Sur-Place гранты	5 920 000
Өкілдіктің күтіп-ұстау	99 664 448
Жобадан тыс шығындар	5 187 235
Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат, теңге	0

Шығыстардың бағыттары:

1. Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

2025 жылы Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Қонаев, Өскемен, Ақтөбе, Зеренді, Тараз, Петропавл, Шымкент, Ақтау, Талдықорған елді мекендерінде азаматтық қоғам мен белсенділікті дамыту, әйелдердің саяси көшбасшылығы, саяси коммуникация, БАҚ пен саясаттың өзара іс-қимылы және экология бағыттары бойынша 9 іс-шара (оңірлік конференциялар, семинарлар, тренингтер, форумдар, оқыту бағдарламалары) сәтті өткізілді.

2. Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру (жарияланымдар / басылымдар)

Есепті кезеңде Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен қаржыландырылды:

• «QazaqGreen» журналы – «Қазақстан энергетикасында BESS энергияны жинақтау жүйелерінің рөлі» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «QazaqGreen» журналы – «Энергетикалық трансформация: Жаңартылатын энергия көздерінен баламалы энергетикаға» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «QazaqGreen» журналы – «Тұрақты болашаққа жол» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «ADALAZAMAT» азаматтық қоғам журналы – «Азаматтық бастамалар – Қазақстанның тұрақты болашағының сәулетшілері» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «ADALAZAMAT» азаматтық қоғам журналы – «Қазақстанның Азаматтық Альянсына – 20 жыл: Идеядан ұлттық диалог платформасына дейінгі жол» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• Ой еркіндігі мен сөз бостандығының медиа-күнтізбесі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өкілді органдар басшыларының функционалдық құзыреттіліктерін дамытуға және олардың жұмысын жақсартуға арналған модульдік оқыту бағдарламасы» – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

3. Sur-Place грант бағдарламасы аясында Конрад Аденауэр қоры жастардың оқудағы қабілеттерін ашуға ғана емес, сонымен бірге өз білімін, күші мен бастамасын өз елінің саяси және әлеуметтік өміріне қатысуға арнауға дайын дарынды жастарға қолдау көрсетеді. Осы жоба аясында 11 Sur-Place-грант бөлінді.

4. Өкілдіктің күтіп-ұстау шығындарына негізгі құралдарды сатып алу, қызметкерлердің іссапарлары, кеңсені жалға алу және жабдықтау, компьютерлендіру, жалақы, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер, ағымдағы шығындар кіреді.

5. Жобадан тыс шығындарға бас кеңсе тарапынан оның іс-шараларын өткізуге байланысты шығындарды жабуға бөлінген қаражаттан жасалған төлемдер кіреді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 20.02.2026 №510-637

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, ЮК-7 (А2) және ЮК-2 (жобалық атаулары) көшелері қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 2,1258 га, жер учаскелері 2026 жылғы 2 наурыздан бастап 2027 жылғы 2 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «20» 02 № 510-637 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-318-048-883	Самсонов Виктор Алексеевич	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №29/4 құрылыс	Күзет үйшігін пайдалану	Жеке меншік
2	21-318-048-694	Крюков Борис Иванович	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» гараж кооперативі, №3290 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
3	21-318-048-030	Каспакбаев Кошербай	20	19,49	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» гараж кооперативі, №3341 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
4	21-318-048-722	Ермакова Галина Павловна	22,9	22,9	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3331 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
5	21-318-048-749	ТОО «Елорда құрылыс компаниясы»	28,6	28,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3365 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
6	21-318-042-186	Аубакирова Наиля Ахметовна	22,6	22,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №79 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
7	21-318-042-208	Альбиева Таттикул Султанбековна	22,3	22,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №115 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
8	21-318-042-424	Супрунова Светлана Ивановна	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №166 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
9	21-318-043-216	Белай Евгения Юрьевна	18,9	18,9	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №424 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
10	21-318-043-027	Микин Александр Дмитриевич Микина Ольга Дмитриевна	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №358 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
11	21-318-048-662	«Mia Invest Astana» ЖШС	24	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3262 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
12	21-318-048-664	«Mia Invest Astana» ЖШС	23,6	1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3264 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
13	21-318-048-678	«Mia Invest Astana» ЖШС	24,1	1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3268 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
14	21-318-048-681	«Mia Invest Astana» ЖШС	21	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3271 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
15	21-318-043-217	Каюмов Марат Ирикович	22,4	20	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №425 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
16	21-318-043-258	Алимоллаев Мурат Пурганутдинович	26,5	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №481 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
17	21-318-043-424	Мусабекова Эльмира Мархабаевна Мусабеков Нурлан Базарбаевич	41	41	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №731 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
18	21-318-041-1438	Фирма «Оазис-1» ЖШС	1664	1664	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №33/2 учаске	Автокөлік тұрағын, кіретін жолдарды және абаттандыруды ұйымдастыру үшін учаскені орналастыру	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (25.09.2023 жылға дейінгі мерзім)
19	21-318-048-100	Будяков Дмитрий Владимирович	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3280 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
20	21-318-048-693	Львова Валентина Николаевна	23,3	23,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3289 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
21	21-318-048-166	Бадюк Олеся Николаевна	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3358 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
22	21-318-048-726	Айтпаев Жомарт Дюсенгалиевич	24,2	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3336 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
23	21-318-048-747	«КанЖан» ЖШС	23,7	23,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3363 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
24	21-318-042-188	Пахомова Нина Кузминичьна Левченко Елена Анатольевна	23	20	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» гараж кооперативі, №81 учаске	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
25	21-318-042-187	Дидигов Виктор Салманович	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №80 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
26	21-318-042-261	Краснова Галина Дмитриевна	24,2	24,2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №167 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
27	21-318-042-147	Акульша Валентина Алексеевна	26	26	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №296 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
28	21-318-048-687	Зайцев Валерий Евгеньевич	24,2	6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3278 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
29	21-318-043-263	Попов Василий Иванович	22,9	3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №487 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
30	21-318-043-259	«Sensata Stroy» ЖШС	22,6	22,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» гараж кооперативі, №482 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
31	21-318-048-692	«КанЖан» ЖШС	24,7	24,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3288 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
32	21-318-048-690	«Mia Invest Astana» ЖШС	23,2	19,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3283 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
33	21-318-048-074	Оспанкулов Галымжан Рустемкулович, Срасембаева Дана Маратовна	21,7	16	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3330 учаске	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
34	21-318-048-704	«Mia Invest Astana» ЖШС	29	21	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3309 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
35	21-318-048-725	«КанЖан» ЖШС	25,5	25,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3334 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
36	21-318-042-159	Крутовцева Антонина Ивановна	22,3	13	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №43 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
37	21-318-042-079	Цикатавичене Марина Анатольевна	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №3 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
38	21-318-042-066	Тулеубаева Камаш	36,4	36,4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №42 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
39	21-318-042-064	«Mia Invest Astana» ЖШС	25	21	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №2 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
40	21-318-042-018	Коперт Арина Владимировна	22,8	22,8	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №40 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
41	21-318-042-207	Гуржиев Геннадий Александрович	23	23	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №114 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
42	21-318-042-151	Химич Владимир Валерьевич Гладышева Марина Михайловна	24,8	24,8	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №231 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
43	21-318-048-675	«Mia Invest Astana» ЖШС	21,9	1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3265 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
44	21-318-048-531	Гуськова Ольга Мубиновна	25,8	25,8	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3070 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
45	21-318-043-262	Развин Сергей Петрович	21,3	21,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №486 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
46	21-318-048-533	«Mia Invest Astana» ЖШС	27	18	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3072 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
47	21-318-048-063	Мищенко Сергей Александрович	27	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3286 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
48	21-318-048-751	Сексембаев Алишер Маратович	21,5	14	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3367 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
49	21-318-048-126	Кладова Ирина Юрьевна	25,7	12	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3362 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
50	21-318-048-769	«Mia Invest Astana» ЖШС	24,7	15	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3362 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
51	21-318-042-155	Алюшин Евгений Сергеевич	26,4	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №117 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
52	21-318-042-361	Гоншовский Павел Брониславович Гоншовская Наталья Дмитриевна	23	4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №298 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
53	21-318-043-212	Остапчук Елена Валерьевна	21,1	21,1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №420 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
54	21-318-048-134	Мустафаев Турехан Темирханулы, Бекетаева Умит Ахметовна	26,8	4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3291 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
55	21-318-048-057	Головатова Ирина Расимовна	26,5	26,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3279 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
56	21-318-048-682	«Altyn Bulaq Damy'» ТҮҚК	26	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3291 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
57	21-318-048-191	Смирнова Лидия Павловна	26	10	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3304 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
58	21-318-048-710	Фролов Валерий Валентинович	25,8	25,8	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3314 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
59	21-318-048-087	Баймуратова Лора Аккуженовна	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3307 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
60	21-318-048-707	«Altyn Bulaq Damy'» ТҮҚК	26,4	26,4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3311 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
61	21-318-048-724	«Altyn Bulaq Damy'» ТҮҚК	22,6	22,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3333 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
62	21-318-048-743	Аубакиров Нуржан Серикович	22,2	22,2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3356 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
63	21-318-042-065	Боровикова Маргарита Анатольевна	21	21	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №5 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
64	21-318-042-185	Абдынасыров Талгат Касымович	20,2	20,2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №78 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
65	21-318-042-309	Фербер Егор Иванович	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №229 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
66	21-318-048-676	«Mia Invest Astana» ЖШС	25,2	1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3266 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
67	21-318-048-862	Мнеян Сергей Левович	3173	946	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №27/3 ғимарат	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
68	21-318-048-679	Челбаевская Галина Алексеевна Челбаевский Юрий Викторович Карнаухова Лариса Викторовна	23,1	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3269 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
69	21-318-048-680	«Mia Invest Astana» ЖШС	26	3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3270 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
70	21-318-043-504	«Sary Arka GOK» ЖШС	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №908 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
71	21-318-048-833	«Altyn Bulaq Damy'» ТҮҚК	26	26	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3071 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
72	21-318-048-702	Рудина Любовь Федотовна	26,5	26,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3305 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
73	21-318-048-750	«Dom Stroy KZ» ЖШС	25,3	25,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3366 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
74	21-318-048-727	«КанЖан» ЖШС	26	26	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3337 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

75	21-318-048-764	Хусаинова Елена Байжановна	22,6	9	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3382 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
76	21-318-042-051	Гоева Валентина Михайловна Гоев Александр Михайлович	23,3	12	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №7 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
77	21-318-048-767	Колбасова Татьяна Анатольевна	29,7	29,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3385 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
78	21-318-042-141	Гурьева Татьяна Ивановна Гурьев Геннадий Викторович	22,7	22,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №116 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
79	21-318-042-042	Фомин Петр Николаевич	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №232 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
80	21-318-042-258	Зайцев Владимир Васильевич	23,8	23,8	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №163 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
81	21-318-043-054	Чумакова Валентина Анатольевна	19,2	19,2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №360 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
82	21-318-048-530	Ляхов Сергей Михайлович	45,4	45,4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3069 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
83	21-318-043-261	Бекеев Сержан Куралович, Бекеева Асель Галымовна	25,1	25,1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №485 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
84	21-318-043-380	Якименко Екатерина Григорьевна	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №672 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
85	21-318-048-688	«КанЖан» ЖШС	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3281 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
86	21-318-048-742	Зарипов Ханяс Хафизович	22,8	12,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3355 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
87	21-318-048-765	Пекарская Любовь Васильевна, Заикин Василий Васильевич	22,7	22,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3383 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
88	21-318-048-766	Тюлькина Алена Владимировна	20	20	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3384 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
89	21-318-048-768	«КанЖан» ЖШС	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3386 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
90	21-318-042-310	Исахметов Санат Кенесович	24,2	24,2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №230 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
91	21-318-043-104	Абашина Наталья Николаевна	22,3	22,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №359 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
92	21-318-048-661	«Mia Invest Astana» ЖШС	23,4	3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3261 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
93	21-318-048-663	«Mia Invest Astana» ЖШС	23,6	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3263 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
94	21-318-048-529	Джилкайдаров Муслим Муратпекович	21	13	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3068 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
95	21-318-043-072	Тамабаев Габдула Мукайсович	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №484 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
96	21-318-043-485	Алимоллаев Мурат Пурганутдинович	33	33	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №851 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
97	21-318-048-711	Тусуппаев Хайрулла Асанович	24,8	23	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3315 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
98	21-318-048-703	«КанЖан» ЖШС	29,6	29,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3068 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
99	21-318-048-032	Ильенко Анатолий Акимович	23	23	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3340 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
100	21-318-048-188	Лошицкий Петр Петрович	27,2	26	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3310 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
101	21-318-048-728	«КанЖан» ЖШС	22,6	22,6	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3338 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
102	21-318-048-137	Валяев Сергей Алексеевич	22,8	11	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3335 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
103	21-318-048-745	Токшаринова Нурсулу Курбановна	22,5	22,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3359 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
104	21-318-048-748	«КанЖан» ЖШС	22,7	22,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3364 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
105	21-318-042-152	Кириченко Василий Гаврилович	23	23	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №6 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
106	21-318-048-022	Течкин Николай Александрович	23,7	19	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Южный» ЖГИТК, №3360 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
107	21-318-042-017	«КанЖан» ЖШС	21,1	21,1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №4 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
108	21-318-042-184	Казанцева Светлана Петровна	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №77 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
109	21-318-042-033	Оздоев Руслан Исаевич	24,7	24,7	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №113 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
110	21-318-043-214	Акунская Светлана Васильевна	22,3	22,3	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №422 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
111	21-318-042-301	Остапчик Наталья Николаевна	25,4	25,4	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №294 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
112	21-318-042-302	Карабалкин Ринат Кубайдуллаевич, Шукеева Айгерим Суюндыковна	27,5	27,5	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №295 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
113	21-318-042-300	Алимоллаев Мурат Пурганутдинович	24,8	20	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Рассвет» ЖГИТК, №293 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

Онихомикоз – патогенді саңырауқұлақтардан туындайтын тырнақ ауруы. Аурудың қоздырғыштары – патогенді саңырауқұлақтар, ашытқы және зең саңырауқұлақтары. Ауру науқас адаммен тығыз байланыста болғанда немесе ол пайдаланған заттар арқылы жұғуы мүмкін.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫНДАҒЫ ОНИХОМИКОЗДАР

Тырнақ саңырауқұлағын бассейндерде, спорт залдарының душ қабылдау орындарында, моншалар мен сауналарда, яғни көптеген адамдар жалаң аяқ жүретін жерлерде жұқтырып алу қаупі жоғары. Сонымен қатар, ортақ пайдаланылатын аяқ киімдерді (мысалы, қонақтағы тәпішкелер, боулингтегі аяқ киім, жалға берілетін конькилер және т.б.) киген кезде онихомикозды жұқтыру мүмкіндігі бар.

Онихомикоз кезінде қолдың және/немесе табанның бір немесе бірнеше тырнақ пластиналары зақымдалуы мүмкін.

Тырнақ саңырауқұлағының пайда болу себептері мен жұғу жолдары.

Саңырауқұлақтар бәріміздің терімізге және тырнағымызға түседі, бірақ әр адамда бірдей ауру тудырмайды. Онихомикозбен ауыратын адамдардың терісі мен тырнақ қабыршақтарында аурудың көзі болып табылатын саңырауқұлақ споралары болады. Сау адамдардағы сияқты, саңырауқұлақ жұқтырған адамдарда да көзге көрінбейтін қабыршақтар сыдырылып түсіп, әртүрлі беттер мен заттарға – ваннаға, сүлгілерге, жөкелерге, кілемшелерге және т.б. түседі.

Сыртқы (экзогендік) факторларға ұсақ жарақаттар, резеңке, тар немесе біреудің аяқ киімін кию, жоғары тершеңдік, жылы әрі ылғалды орта жатады. Ішкі (эндогендік) факторларға эндокриндік аурулар, егде жас, иммундық тапшылық жағдайлары (бақыланбайтын АИТВ-инфекциясы, ЖИТС, дәнекер тін аурулары, онкология, белгілі бір дәрілік препараттарды қабылдау салдарынан болатын иммуносупрессия), туа біткен бейімділік жатады. Онихомикоздың дамуына жарақаттар, жалпақ табандылық, варикоз, гипергидроз (тершеңдік), эндокриндік және иммунологиялық бұзылыстар, қан аурулары, тамыр патологиясы, гормоналды препараттарды, антибиотиктерді және цитостатиктерді ұзақ уақыт бойы қабылдау, тар аяқ киім кию және жалпыға ортақ жеке гигиена нормаларын сақтамау себеп болады. Ауру бірден дамымайды, оның алдында табан мен алақан терісінің зақымдануы жүреді, содан кейін ғана қоздырғыш тырнаққа енеді.

Мұндай жағдай көбінесе ыңғайсыз немесе өлшемі сәйкес келмейтін аяқ киім кигенде, сондай-ақ тырнақтың спорттық немесе тұрмыстық жарақаттары кезінде туындайды.

Диагностика:

Диагноз зақымдалған аймақты Вуд шамының сәулесімен тексеру (люминесценттік диагностика), зақымдану ошағынан алынған қырындыны саңырауқұлақтарға микроскопиялық зерттеу және зерттелетін материалды қоректік ортаға егу арқылы расталады.

Онихомикоздың алдын алу

Аурудың алдын алудың біріншілік және екіншілік шаралары болады.

Біріншілік алдын алу сау адамдарда онихомикоздың дамуына жол бермеуді, ал екіншілік алдын алу – аурудың қайталану (рецидив) мүмкіндігін болдырмауды көздейді. Біріншілік алдын алу кезінде жеке гигиена ережелерін сақтауға, қол және аяқ тырнақтарын дұрыс әрі тұрақты күтуге, бассейндерге, сауналарға, моншаларға, спорт және жаттығу залдарына барған кезде сыртқа қолданылатын саңырауқұлаққа қарсы құралдарды (лактар, кремдер) профилактикалық мақсатта пайдалануға, сондай-ақ онихомикоздың алғашқы белгілері байқалғанда дерматологқа дер кезінде жүгінуге басымдық беріледі.

А.БЕКМАҒАМБЕТОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК дәрігер-дерматовенеролог

ІРІКТЕУДІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ: КӘСІБИЛІККЕ БАСЫМДЫҚ

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттіліктің тірегі, ел дамуының қозғаушы күші. Қабылданатын әрбір стратегиялық шешім, жүзеге асырылатын әрбір мемлекеттік бағдарлама ең алдымен оны іске асыратын кадрлардың кәсібилігіне байланысты. Сондықтан мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі – жай рәсімдік өзгеріс емес, басқару сапасын арттыруға бағытталған маңызды институционалдық қадам.

Соңғы жылдары мемлекеттік аппаратты жаңғырту мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында мемлекеттік қызмет жүйесін түбегейлі жаңғырту қажеттігін бірнеше рет атап өтті. «Бізге сапалы, әділ әрі тиімді мемлекеттік аппарат қажет» деген ұстаным кадр саясатына қойылатын негізгі талапты айқындап берді. Жаңартылған іріктеу жүйесі дәл осы қағидаттарға негізделген. Конкурс рәсімдері цифрландырылып, тестілеу кезеңдері автоматтандырылған форматта өткізіледі. Бұл адами фактордың ықпалын барынша азайтып, үміткерлер үшін тең мүмкіндік қалыптастырады.

Жаңа жүйеде тек заңнаманы білу жеткіліксіз. Мемлекеттік қызметші – стратегиялық ойлайтын, бастамашыл, жауапкершілігі жоғары тұлға болуы тиіс. Сондықтан бағалау барысында аналитикалық ойлау, басқарушылық шешім қабылдау, коммуникациялық дағдылар, өзгерістерге бейімделу қабілеті сияқты маңызды құзыреттер ескеріледі. Практикалық тапсырмалар кандидаттың нақты жағдайда қалай әрекет ететінін анықтауға бағытталған. Бұл тәсіл формалды білімді емес, шынайы кәсібилікті айқындауға мүмкіндік береді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мемлекеттік қызметшіге жаңа талаптар қойып, қызметші тек орындаушы емес, қоғаммен диалог жүргізе алатын, азаматтардың мәселесіне бейжай қарамайтын, бастамашыл тұлға болуы тиіс. Сондықтан жаңа іріктеу жүйесі кандидаттың азаматтық ұстанымына, коммуникациялық мәдениетіне және қоғаммен өзара іс-қимыл жасау қабілетіне де мән береді.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі – тиімді мемлекет құру жолындағы стратегиялық реформа. Ол кадр сапасын арттыру арқылы мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін күшейтуді көздейді. Президент айқындағандай, «Әділетті Қазақстанды» құру кәсіби әрі жауапты мемлекеттік аппаратсыз мүмкін емес.

Сапалы кадрлық саясат – тұрақты дамудың негізі. Ал кәсіби, адал және халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік қызметші – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2026 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР

Бүгінде елордамыз қарқынды дамып келеді. Сондықтан біз жұмыс күшінің үлкен ағынын көріп отырмыз.

Біз үшін еңбек инспекциясының органы ретінде негізгі мақсат пен міндет – еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

2025 жылы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау шеңберінде мемлекеттік еңбек инспекторларымен 10 867 өтініш қаралды, 567 жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 215 млн теңгеден астам сомаға жалақы бойынша берешек өтелді, сол арқылы 1007 жұмыскердің еңбек және конституциялық құқықтары қорғалды.

Бүгін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы жұмыс қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттер бойынша кеңейтілген алқасында бола отырып, біз республикамыздың бүкіл аумағында жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау бойынша қандай үлкен жұмыс жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз.

Біз, аумақтық департамент қызметкерлері үшін өткізілген алқа бізге ағымдағы жылға негізгі басымдықтарды қоюға мүмкіндік беретінін түсіну өте маңызды.

Еңбек қатынастарын реттеуге, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты алқада қаралған мәселелер әр өңірдің еңбек инспекциясы үшін әрқашан шешуші болып қала береді.

Осындай деңгейдегі іс-шараны өткізу қойылған міндеттерді орындау кезінде оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті

№23 (4921) 26/02/2026 Бейсенбі

СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Спорт жанкүйерлері мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров пен мәнерлеп сырғанаушы Софья Самоделкинаны және осы спорт түрінен Қазақстан құрамасының бас бапкері Әсем Қассанованы елорда әуежайынан қарсы алды.

Оларға Астана әкімінің орынбасары Ерік Мейрхан, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералы және Қазақстан Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин құрмет көрсетті.

Геннадий Головкин бұл жеңістің тарихи маңызын атап өтіп: «Бүгін нағыз батырларымыз үлкен жолдан келді. Ең алдымен, чемпиондарды тәрбиелеген бапкерлер мен отбасыларына алғыс айтуымыз керек. Қазақстан бұл алтынға әбден лайық болды. Олар – біздің жаңа қаһармандарымыз» деді.



Қазақстан конькимен мәнерлеп сырғанау одағының атынан және демеушілердің қолдауымен спортшылар мен бапкерлерге пәтер кілттері табысталды. Михаил Шайдоров пен оның бапкері Алексей Урмановқа үш бөлмелі, ал Софья Самоделкина мен Әсем Қассановаға бір бөлмелі пәтер берілді.

Бауыржан Ералы Олимпиадада 32 жылдан кейін Қазақстан әнұранының шырқалғанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, Софья Самоделкина да үздік ондыққа еніп, үлкен нәтиже көрсетті.

Өз кезегінде Михаил Шайдоров жанкүйерлеріне алғысын білдіріп, бұл қолдау оған алдағы уақытта да ел намысын абыроймен қорғауға үлкен күш беретінін айтты.

ЖАС ХОККЕЙШІЛЕР ЖЕҢІСІ

Елордалықтар Pee-Wee халықаралық турнирінің чемпиондары – Astana Team командасын әуежайдан ыстық ықыласпен қарсы алды. Жас хоккейшілер Канадада өткен беделді жарыстан алтын медальмен оралды.



Өткен жылы Astana Team (2012 жылы туған ойыншылар) финалға жетіп, күміс медаль жеңіп алды, ал осы турнирде спортшыларымыз Қазақстанның жаңа рекордын орнатты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Канаданың Квебек қаласында өткен шайбалы хоккей турнирінде қазақстандық спортшылар финалға шығып, алаң иелері канадалық командамен кездесті. Шешуші матч шиеленісті болып, Astana Team басым түсті. Нәтижесінде қазақстандық хоккейшілер турнирдің бас жүлдесін жеңіп алды.

«Балалар турнирге қыркүйектен бастап дайындалды. Сол айда іріктеу жасалып, команда құрамына елордалық №10 хоккей мектебінің 8 тәрбиеленушісі және Өскемен, Қарағанды және Алматы қалаларынан келген хоккейшілер кірді. Аталған сапарды Hockeydrems қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Олар осымен төртінші рет біздің команданы Канададағы халықаралық турнирге апарып жүр. Хоккейшілеріміз бұл жолы алты ресми матч өткізіп, барлығында жеңіске жетті.

Бұл турнирде 66 жыл ішінде хоккей державаларының өкілдері ғана жеңімпаз атанып келген. Олар – Канада, АҚШ, Ресей, Финляндия, Чехия және Швеция. Енді, міне, бұл тізімге Қазақстан да қосылды. Біздің команда турнирге алғаш рет 2023 жылы қатысты. Өте қуаныштымыз. Бұл жеңіс – біз үшін үлкен жетістік» деп атап өтті №10 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Диас Маржықпаев.

№10 БЖСМ шайбалы хоккей командасының бапкері Владимир Матюхин келесі жылы да хоккейден элиталы топтар арасында өнер көрсетіп, онда да жоғары нәтиже көрсетуді мақсат тұтатынын айтып, қарсы алушыларға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ жеңімпаз спортшылар да Канада сапарынан алған әсерімен бөлісіп, құттықтаушыларға алғысын айтты.

«Бізді қонақжайлықпен қарсы алып жатқан елордалықтарға алғысым шексіз. Жарысқа бүкіл еліміздің атынан 2013 жылы туған ең мықты деген 20 ойыншыны жинады. Біз үшін хоккей Отаны – Канадада жақсы ойын өрнегін көрсетіп, алтын медальді елімізге әкелу – үлкен абырой» деп жүрекжарды пікірін білдірді команда ойыншысы Мәулен Нұрдәулет.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ТУРНИР ӨТТІ

Күні кеше бас қаланың Алматы ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан турнир өтті. Оған Алматы ауданының БҰӨС орталығының жиырмаға тарта ардагері қатысып, мықтыларды анықтады.



Турнирге қатысқандар арасында жасы сексеннен асқан ардагерлер болды. Мәселен, 83 жастағы, есімі Қазақстанның Гиннесстер рекордтар кітабына енген, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, көптеген кітаптың авторы Қалибек Алтыбаев – орталықтың белсенді мүшесі. Қажырлы ақсақал үнемі тың бастамалар көтеріп, сол игі істердің жүзеге асуына белсене араласады. Пану Байғузинова, Сембай Насыров, Роза Қошанова жүлделі үш орынды иеленді. Ал тоғызқұмалақты жаңа ғана бастағандар арасында Орманбек Тасқарин, Қуандық Дукесов, Бақыт Бекбергенова үш орынды бөлісті.

Айта кету керек, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Нұргүл Талғатқызының айтуынша, орталықтың белсенді мүшелері бұдан бұрын да шахмат, үстел теннисі, арқан тарту, басқа да ұлттық ойындардан бірнеше турнир өткізген екен.

Белсенді өмір сүру орталығына да 4700-дей зейнеткер тіркелген. Олар бос уақыттарын мәнді де мазмұнды өткізеді.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

СӨНБЕС РУХ – ӨЛМЕС ЕСІМ

Кеше елордада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің атылған күніне орай «Сөнбес рух – өлмес есім» атты еске алу іс-шарасы өтті. Жиналғандар тұлға ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ол жайында деректі фильмді тамашалады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Сәкен Сейфуллин музейі ұйымдастырған тағзым іс-шарасын аталмыш мәдени ошақ директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов ашып, құлағанда бүгіндері көпес Кубриннің үйі аталатын тарихи ғимараттың балконынан сөз сөйлегенін, басқа да деректерге тоқталды.

Көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлы бір мүшелдей уақыт осы музейді басқарды. Ол сол кезең туралы әңгімелеп, күрделі жөндеу жұмыстарын жасатқанын, Сәкен тұлғасы туралы поэма, драма жазғанын еске алды. Сәкен Сейфуллиннің нағашы қарындасы Асылгүл Әбішқызы тұлғаны ұлықтау туралы айтты. Қазақстанда Сәкеннің аты берілген 33 мектеп барын атап өтті. Сондай-ақ елордадағы С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия директоры Гүлдерай Майқанова, Астананың іргесіндегі Қарағанды облысы Нұра ауданы Ахмет ауылындағы Сәкеннің аты берілген мектеп директоры Атымтай Балабиев Сәкеннің осы мектепте сабақ бергеніне биыл 110 жыл толатынын, осыны атап өтуге білім ошағы дайындықты бастағанын жеткізді.



Сәкеннің қазақ тарихында алатын орнына тоқталды. Мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы, елдік мұраты туралы айтып өтті.

Елордадағы Сәкен Сейфуллин музейінің тұңғыш директоры Роза Асылбекова осы музей тарихына тоқталып, Сәкен өз кезінде Ақмоланы ел астанасына лайық көрген адамдардың бірі болғанын, оның арманы түптің түбінде орындалғанын атап өтті. Бұл қаламен Сәкеннің өмірі өте тығыз байланысты екенін, оның іздері кешегі Ақмола, бүгінгі Астанада сайрап жатқанын жеткізді. Мәселен, қазіргі Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияда орыс тілінен сабақ бергенін, патша өкіметі



«ЖАН АНАМ» КОНЦЕРТ

1 наурыз 15:00, 19:00

Е.Рахмадиев атындағы филармония залы

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №23

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС